



«Біздің міндет – салық төлеушіге сапалы қызмет көрсету»

3



Даму кілті – кәсіпте

4



Тату ел табысты, алға оздырар әр істі

6-7



Банкоматта қалған ақша иесін тапты

12



Сыр бойы 90 ЖЫЛ



№118-119
(19796-19797)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

10 тамыз /СЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

БИЛІК

АҚШ конгресмендерін қабылдады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Конгресі өкілдері палатасының мүшелері Девин Нуньес пен Рик Кроуфордты қабылдады. Кездесу барысында екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті кеңейту мәселелері, сондай-ақ өңірдің күн тәртібіндегі өзекті тақырыптар талқыланды.

– АҚШ – Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мемлекеттердің бірі. Біз сауда-экономикалық, инвестициялық және энергетикалық салаларда тығыз ынтымақтастық орнаттық. Елдеріміздің өзара табысты іс-қимылдарының маңызды бағыты карусыздану және ядролық қаруды таратпау саласы болып табылады, – деді Мемлекет басшысы.

Дәрі-дәрмектердің шекті бағасы бекітілді

«Қазақстандықтар дәрі-дәрмектің шекті бағасын бірнеше ақпарат көзінен біле алады» деп хабарлайды ҚазАқпарат.

– Біз заңнаманы жетілдіру бағытында негізгі жұмысты жүргіздік. Атап айтқанда, дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың айналымы бойынша жұмыс ретке келтірілді. Өздеріңіз білетіндей, дәріханалардағы дәрі-дәрмектің бағасын реттеу құзыреті Денсаулық сақтау министрлігіне беріліп, бағаны реттеу ережелері бекітілген болатын. Қазіргі уақытта көтерме-бөлшек сауда кезінде дәрі-дәрмектің 4 мың түрі бойынша шекті баға бекітілді, – деді ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен қорғаныс қызметтерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің төрайымы Людмила Бюрабекова ОКК-да өткен баспасөз мәслихатында.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ



СӘУЛЕТ ПЕН ДӘУЛЕТ САЛТАНАТЫ

Қызылорда құрылыс қарқынымен көш басында



Суреттерді түсірген Бағдат ЕСКЖАНОВ.

Тәуелсіздік алғалы еліміздің барлық өңірлерінде заманауи талаптарға сай құрылыс кешендері көбейіп, егемен еліміздің көркейіп-көркінгеніне үлес қосуда. Аймақтың айыбын арттырып, әулетіне сан қосып, өңірдің өсіп-өркендеуіне жанаша серіпін беретін құрылыс индустриясын дамытуда сала мамандарының зор үлесі бар.

Айсұлу ҚАРАПАЕВА.

Соңғы жылдары республикада, оның ішінде Сыр өңірінде құрылыс саласы қарқынды дамуда. Сәулеті мен сәні келіскен әсем ғимараттарда қолтаңбасы қалған Сыр құрылысшыларының кәсіби мерекесі 75 жылдық мерейтоймен тәуіп-түсіп келіп отыр. Н.Бекежанов атындағы драма театры облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков сала мамандарын құттықтап, үздіктерді марапаттады.

– Құрылыс индустриясы – экономиканың негізгі іргетасы. Кез

келген елдің экономикалық күшеюі мен әлеуметтік тұрақтылығы осы саланың дамуына тікелей байланысты. Бүгінде өңірмізде құрылыс индустриясы қарқынды дамып, оның ішінде тұрғындардың әлеуметтік әлеуетінің артуына айрықша ықпал етіп келеді. Құрылыс саласының өркендеуін облыс орталығы Қызылорда қаласы аумағының өсуінен, аудан орталықтары, ауылдар мен елді мекендердегі әлеуметтік объектілер мен тұрғын үй құрылыстарынан,

салынған жолдардан байқауға болады. Аукымды саланы алға жылжытуда құрылысшылар қауымының еңбегі ерен. Аймағымыздағы ірі жобалар құрылысшылардың табандылығының арқасында жүзеге асырылды. Заманауи мектептердің бой түзеуі, спорт кешендерінің салынуы, жылдар бойы армандап келген жолдардың ауылдарға дейін жетугі – құрылысшылардың күн-түн демей атқарған еңбегінің нәтижесі. Сыр жұртылығы атынан барша құрылысшыларға алғысымды білдіремін, – деді облыс әкімі.

Биылғы жылы 4 әлеуметтік нысан ел игілігіне беріледі. Тағы 23-нің құрылысы жүргізілуде. Соңғы 6 жылда тұрғын үйді пайдалану көлемі 2,5 есеге артты. Осы уақыт аралығында қаламызда жаңа 10 шағын аудан, 5 тұрғын үй кешені пайдалануға беріліп, 8

мыңға жуық адам жаңа баспанамен қамтамасыз етілді. Биыл «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысы және инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға республикалық бюджеттен 12,9 млрд теңге бөлінді. Жалпы бағдарлама аясында биыл облыс көлемінде барлық қаржыландыру көздерінен 1862 пәтерді құрайтын 43 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын жүргізу жоспарлануда.

– Сәулеті мен дәулеті келіскен Сырдарияның сол жағалауында жаңа қала бой түзеп келеді. Бірқатар нысан пайдалануға берілді. Ондағы жана үйлердің басым бөлігі қазақы ою-өрнекпен бедерленіп салынды. Қыркүйек айында «Болашақ» университетінің құрылысы аяқталады.

2-бет.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер! Қымбатты әлеумет!

Сіздерді қасиетті Құрбан айт мерекесімен құттықтаймын! Құрбан айт мерекесі – ежелден мұсылман қауымының бейбітшілік, бірлік, мейірімділік пен қайырымдылық сияқты адамгершілік құндылықтарды нығайтатын ең басты мерекесі.

Тәуелсіздік алғалы Елбасымыздың қолдауымен бұл мереке мемлекеттік деңгейде ерекше құрметпен аталып келеді.

Қазақстан Республикасы – әрбір азаматтың ар-ождан бостандығына кепілдік берілген және барлық конфессия ұстанушыларының заң алдында теңдігі қамтамасыз етілген зайырлы, демократиялық мемлекет.

Зайырлы қоғам және жоғары руханилық – біздің басты құндылықтарымыз.

Жүрегіне иман ұялаған әрбір адам айт күндері жақсы істер жасауға, көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созып, айналасына қуаныш сыйлауға тырысады.

Ұлық мереке құтты болсын! Қасиетті күндердегі ізгі амалдарыңыз бен ниеттеріңізді Алла қабыл етсін!

Құрбан айт әрбір отбасына амандық, елімізге бірлік пен ынтымақ әкелсін!

Құрметпен,
Қызылорда облысының әкімі
Қ.ЫСҚАКОВ.



Партияның айрықша қамқорлығында



«Nur Otan» партиясының облыстық филиалында облыс әкімі, филиал төрағасы Қуанышбек Ысқақовтың төрағалық етуімен партиялық тыңдау өтті.

Назерке САНИЯЗОВА.

Жиында партияның «Қазақстан – 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» сайлауалды бағдарламасының «Денсаулық» және «Білім» бағыттары мен Президенттің сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуы сөз болды. Денсаулық және білім салалары бағдарламада партияның айрықша қамқорлық жасайтын салалары ретінде белгіленген.

– Осы орайда филиал жанында басым бағыттар бойынша аймақтық комиссиялар жұмыс атқарып келеді. Жақында аталған комиссиялар құрамына қазіргі талаптарға сәйкес өзгерістер енгізіліп, жаңартылды, – деді аймақ басшысы.

Одан кейін облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдебекова Білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Президенттің сайлауалды бағдарламасының орындалуына тоқталды. Оның айтуынша, соңғы 6 жылда аймақта 69 мектеп салынды. Бүгінде Жанакорған және Жалағаш аудандарында апатты жағдайдағы 2 мектептің құрылысы жүргізілуде.

Биылғы ерекшелік, мектептерде ыстық тамақ ұсыну, лагерге жолдама беру, 1 класқа қабылдау механизмдері автоматтандырылды. Мұғалімдерді

жұмысқа қабылдау процесі де электронды түрде жүргізіле бастады. Аз қамтылған отбасылардың балаларын қолдау мақсатында бірінші рет 6800 оқушы Қызылорда қаласында қоғамдық көлікте тегін жүретін болды. Бүгінде жанартылған білім беру мазмұны бойынша 20 мың мұғалімнің 80 процентінің еңбекақысына 30-50 проценттік үстемақы төленуде.

– 1 маусымнан бастап қызметкерлердің жалақысы 30 процентке көбейді. Педагог мәртебесі туралы заңның қабылданатыны сала қызметкерлері үшін ең маңызды жаңалыққа айналды. Заң мұғалімдердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуына кепілдік беретіні анық. Заң жобасына байланысты тиісті ұсыныстарды жолдадық, – деді сала жетекшісі.



Сыр бойының түлегі, «Қазақстандағы 100 жана есім» жобасының лауреаты, терроризм тақырыбын зерттеп жүрген қазақстандық журналист, әскери фототілші Назгүл Кенжетай кеше туған жерге келді. Сол жағалаудағы Жастар орталығында аймақтағы БАҚ өкілдері және дің орталығы мамандарымен өткен кездесуді облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов жүргізді.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Ақпарат шынайылығымен құнды

Кездесуде «Басылымдар мен әлеуметтік желілердегі діни экстремистік мазмұндағы материалдарға қарсы насихаттық ақпарат жариялаудың өзектілігі» тақырыбында ой бөлісті.

– Әлемде діни мәселеге келгенде алаңдаушылық басым. Қоғамдағы көкейтесті мәселенің себеп-салдарын зерттеп, халыққа дұрыс ақпарат жеткізе білуіміз керек. Жерлесіміз Назгүл Кенжетайдың көтеріп жүрген мәселесінің бірі – босқындар жайы. Босқындықтың түбірі – елдегі қолайсыздықтан. Бұл тақырыпты фотоға түсіріп, әлем назарын аудару кәсіби шеберлікті байқатады. Бүгін осы тақырыпта әріптестермен кенінен ой бөлісуге мүмкіндік туып отыр, – деді Т.Маханов.

Жерлесіміз Түркияда журналистика мамандығы бойынша білім алып, әскери тілші, саяси талдаушы ретінде Таяу шығыстағы соғыс ошақтарына барып, әлемдік қақтығыстардың фотодеректер қорын тың туын

дылармен толықтырып келеді. Елбасымен кездесуде оның «Мен байрағы жерге құлаған елді көрдім. Елін қорғай алмаған ерді көрдім» деген сөзі көпшілікті бейжай қалдыра алмады. Оның объективіндегі әрбір сурет бейбітшіліктің қаншалықты қымбат екенін ұғындыра түскендей.

– 2013 жылы Түркия республикасының мемлекеттік грантын жеңіп алу арқылы журналистика мамандығын игердім. Қазір халықаралық әскери тілші, саяси талдаушымын. Зерттеу алаңым – халықаралық қақтығыстар. Өрне, мамандыққа кездейсоқ келу мүмкін емес. Менің таңдаған мамандығым икемділікті, төзім мен шыдамды, мықты психологияны талап етеді. Сонымен қатар журналист ретінде барлық қақтығыстарды жақыннан зерттеу – парыз. Зерттеу ғана қоймай, бұл мәселенің шешілуіне қол ұшын беру қажет. Олардың жанайқайын әлемге естірту керек. Ақ пен қараны ажырата



білу керек, – деді Н.Кенжетай. Кездесу барысында әскери тілшінің кәсібіне, зерттеу алаңына, жалпы журналистикаға қатысты қойылған сауалдар аз болмады. Сондай-ақ, қоғамды лас ақпараттардан тазарту, бүгінде белен алған көшіріп басу мәселесі талқыланды. Сонымен қатар журналистің эмоцияны тежей білуі, оқиға орнынан шынайы ақпарат беру өзектілігі де атап айтылды. Мұнан соң әскери тілші Сыр жастарымен кездесті.

СӘУЛЕТ ПЕН ДӘУЛЕТ САЛТАНАТЫ

Өздеріңізге белгілі, биыл Арыс қаласында орын алған төтенше жағдайдан кейін, қалпына келтіру жұмыстарына, сондай-ақ, Түркістан қаласында бой көтеріп жатқан Шығыс моншасының құрылысына Сыр құрылысшылары да зор үлес қосуда. Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев мырза да көршілес өңір тұрғындары атынан ыстық лебіздері мен құттықтауларын жолдады, – деді аймақ басшысы.

Мұнан кейін сахна төрінде облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының негізін қалануына 75 жыл толуына орай «Құрылысы қарышты Қызылорда» атты тарихи-танымдық кітаптың тұсаукесері өтті. Оның лента-сын кию құрметі облыс әкімі мен сала ардагері Нұрұлыбай Нысанбаева берілді. Кітаптың авторлары – ардагер Қабдеш Шағыров және басқарма басшысы Мұхамедиса Әлсеріков. Тарихи-танымдық дүниеде 75 жыл ішіндегі Сыр елі құрылысының қалыптасу, даму тарихы мен бүгінгі қарқыны



архив, баспасөз құжаттары мен естеліктер негізінде жазылған. Онда өңірдің даму тарихы, Қызылорда су торабы, целлолоза-картон зауыты, тоқылмайтын материалдар фабрикасы секілді XX ғасырдың алып құрылыстары, соның басы-қасында жүрген ардагерлердің естеліктері мен өмірбаяндарынан мәліметтер де бар. Сонымен қатар, ірі құрылыс мекемелері, пайдалануға берілген әсем де заманауи әлеуметтік нысандар

мен тұрғын үйлер, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қала, құрылыс басқармасына басшылық жасаған басшылар, облыстың құрметті құрылысшылары мен сәулетшілері туралы апаратырмен танысуға болады.

Құрылысшы – ең ауыр, жауапкершілігі зор мамандықтардың бірі. Олардың қолтаңбасы қалған зәулім ғимараттар мен әлеуметтік нысандар қалың жұртшылықтың игілігіне айналуда әрі ел дәулетінің еселеп артуына ықпал етуде. Бүгінгі кәсіби мейрам күні осындай майталман мамандарға облыстың «Құрмет грамотасы», облыс әкімінің «Алғыс хаты», 75 жылдыққа арналған төсбелгі, «Құрметті құрылысшы», «Құрметті сәулетші» төсбелгісі, «Қызылорда облысының құрылыс саласының ардагері» мерекелік белгісі, «Сыр құрылысына –75 жыл» номинациясы табысты.

Шара соны өнерпаздардың концертіне ұласты.

Бағыты айқын «Бақ-береке»

Әлемнің қай түкпіріне барсақ та, ең алдымен сол елдің ғажайып ғимараттарына назар аударатынымыз белгілі. Қаланың әлеуеті мен талғам биігінің өлшемі саналатын да айшықты құрылыстар.

Соңғы жылдары Сыр елі қарқынды құрылыс алаңына айналды. Бұл жергілікті құрылысшылардың шеберлігін шындай түсті. Бүгінде жалнақ жұртқа танымал сырбайлық құрылыс компаниялары аз емес.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.

«Бақ-береке-2030» ЖШС он бес жылдан бері өңірде құрылыс қарқынына үлес қосып келеді. 2004 жылы құрылған мекеме әдепкіде «Ауыз су», «Ақбұлақ» мемлекеттік бағдарламасы аясында облыс аумағында сумен жабдықтау жұмыстарын жүргізіп, елді мекен тұрғындарының таза ауыз суға қол жеткізуге қызмет етті. Сондай-ақ, мұнай-газ саласындағы кәсіпорындардың құрылыс жұмыстарын, ауылдарға инженерлік-коммуникациялық жүйелерді жүргізуге белсене қатысты. Ауылдарға су, жарық, көгілдір отын тарту жұмыстары, жерасты суларын ел игіліне пайдалану мақсатындағы игі істер басында жүрген «Бақ-береке-2030» ЖШС директоры Қайрат Ернарзоров – туған елді түлетуге үлесім болсын дейтін азамат.

қай-қайсысы да бас тартпайды. Компанияның басты ұстанымы да осы.

–Ең бастысы – сапа. Атқарған жұмысын ел көңілінен шығып, алғыс айтып жатпаса бәрі бекер. Құрылыс саласында бәрі мінсіз болуы тиіс. Мүлт кетсең, бүкіл еңбегің зая. Әрдайым ұжым қызметкерлеріне осыны айтып отырамын. Біздегі мамандардың қай-қайсысы да өз жұмысына мығым, – дейді мекеме басшысы Қ.Ернарзоров.

Соңғы жылдары бой көтерген көпқабатты үйлердің құрылысына белсене атсалысты. Құрылыс компаниясының «Самұрық-Қазына жылжымайтын мүлік» АҚ-мен бірлесіп өз қаржысы есебінен облыс орталығынан 400 пәтерлік көпқабатты тұрғын үй кешенін салуы кәсіпкердің тәуекел етуі дер едік. Яғни, 400 отбасының басыналы болуына үлес қосу – ұжымның ерен еңбегі.

Жаңа қоныс – сол жағалаудағы құрылыс алаңына білек сыбана іске кіріскен мекеме мұнда 50 пәтерлік тұрғын үй құрылысын мерзімінде аяқтап, қабылдау комиссиясына өткізді. Сапалы әрі уақытылы орындау ұстанымынан айнымаған «Бақ-береке-2030» ұжымының өңірдегі қарқынды құрылысқа қосқан үлесі мұнымен бітпейді. Жақында облыстық стадионды қайта жөндеуде өткізуді жауапкершілігіне алған мекеме бұл жұмысты да мерзімінде тиянақты аяқтады. Нәтижесінде Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадион уақыт талабына сай жанарғанын жалпы жұрт қуана айтып жүр.

Құрылыс компаниясы Арысты қайта қалпына келтіру жұмысынан да сырт қалған жоқ.

– Төтенше жағдайдан кейін Арыс халқына ел болып жұмыла көмектесіп жатырмыз. Ай-

мағымыздағы «Интегрострой», «Сапақ» ЖШС-мен бірге 60 үйді жөндеуден өткіздік, – дейді Қ.Ернарзоров.

Құрылыс қарқын алған Түркістан облысы орталығының сәулетіне аймақ атынан үлес қосу жұмысының басы-қасында да осы серіктестік жүр. Шығыс моншасы құрылысының бас мердігер компаниясы бұл жұмысты да сапалы орындайтынына елдің сенімі мол.

Тағы бір атап айтарлығы, бүгінде мекеменің жүздеген маманы мұнай кенішінің басында тынымсыз еңбек етуде. «ПетроҚазақстан» АҚ-ның тапсырысымен кеніш басында қалашық тұрғызу жауапкершілігін де мойнына алған компания бұл жұмысты да ойдағыдай атқаруда. Қалашық құрылысы, көгілдір отын құбырын тарту, жол салу секілді мың сан жұмысты қолға алған құрылысшылар мұнда да білек сыбана еңбек жасауда. Ең бастысы, құрылыс қарқын алған жерде жұмыс бар. Бүгінде 200-ден астам адамды жұмыспен қамтыған құрылыс компаниясы әлі талай игі істің жанынан табылатыны сөзсіз.

Уақытпен санаспай, қыс суығына, жаз ыстығына қарамай еңбек ететін қолы алтын құрылысшы еңбегі қашан да сұранысқа ие. Біз қаламымызға арқау еткен Сыр бойындағы «Бақ-береке-2030» ЖШС сапалы да, сенді құрылыс салудан әрдайым көш басында келеді. Бұл сөзіміздің бір дәлелі – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыр еліне жасаған сапарында аймақтың өсіп-өрекендеуіне үлес қосып жүрген бірқатар азаматтарға алғыс хат табыстаса, сол марапаттың бірін Қайрат Ернарзоров иеленді.

– Туған жерді түлетуде әлі талай зәулім құрылыстарды салуға атсалыссақ, Сыр өңірінің келбетін айшықтай түссек деген арманымыз бар, – деп түйіндісі әнгімесін кәсіпкер-құрылысшы.

Айналымдағы әрбір ғимаратта жүзлеген құрылысшының маңдай тері мен алтын қолының ізі бар екеніне мән бере бермейтіміз шындық.

Құрылысшы – құрметті де, мәңгілік мамандық!

Цифрландыру құрылыс саласына жетті

Сандық технология өріс алған кезеңде құрылыс саласы да көштен қалған жоқ. Цифрландыру «құрыш қолдыларға» да жетті. Жаңа жобалар туралы облыс бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Марат Мырзабеков өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте мәлімдеді.

Дәулет ҚЫРДАН.

– «TexStroi-Smart» жобасы облыс көлеміндегі техникалық қадағалау сарапшыларына оңтайлы. Біріншіден, жоба олардың облыс орталығына келмей-ақ, ай сайынғы есептерін басқармаға кез келген жерден электронды түрде жолдауына мүмкіндік

береді. Екіншіден, басқарма қызметкерлері кәсіпкерлік субъектілерімен тікелей қарым-қатынаста болмайды, яғни, сыбайлас жемқорлық тәуекелі жойылады, – дейді Марат Мырзабеков.

Тағы бірі – «Halyq Monitoring» жобасы. Маман-



лардың айтуынша, мұнда мемлекет тапсырысы бойынша салынып жатқан құрылыс нысандары туралы сайтта

орналастыру арқылы оған халықтың қолжетімділігін, ашықтығын қамтамасыз ету, құрылыстың сапасына қатысты тұрғындармен кері байланыс орнату қарастырылған. Нәтижесінде орын алған кемшіліктерді дер кезінде жоюға жағдай жасалмақ. Түптеп келгенде, бәрі елдің көз алдында. Бұл өз кезегінде бақылау шараларының тиімділігін арттыруға, құрылыс жұмыстарының сапалы орындалуына жол ашпақ.

Басқарма көрсететін 5 түрлі мемлекеттік қызметтің 4-і электронды жүйе «Е-лицензия» порталына көшірілген.

Бағзыдан бауырлас, тарихы тамырлас ел

көршілес Өзбекстанға қызылордалық ардагерлердің сапары



Айдай ақиқаты сол, біз мынау ежелден іргелес өзбек халқымен Құдай қосқан көрші ғана емес, қаһарлы көк түріктің шекпенінен бірге өріп шыққан бауырлас, тарихымыз тамырлас, өміріміз тағдырлас елдерміз. Дін, діл, тіліміздің түп тамыры, тіршілігіміздің нәрі – Сырдариямыз. Байырғы заманнан бар-шамызға мұра болған танымал тұлғаларымыз, рухани құндылықтарымыз заңғар жеміс ағашының мәуесіндей тағы да екі елге еншілес ортақ сыбаға.

Айтылған сөздің шындығына биыл өзің жатқан Қазақстанның Өзбекстандағы жылы аясында жақында біздің облыстың бір топ ардагерлерінің онда жасаған туристік сапары барысында және де көз жеткізгендей болдық. Облыстық ардагерлер кенесі ұйымдастырған бұл шарапатты шараға қамтылғандардың құрамында барлығы 41 адам болды.

Ақ самалы ақсақалдарымыз бен әжелеріміздің көрші елге саяхаты теміржол арқылы Өзбек мемлекетінің астанасы атықты Ташкент шаһарынан бастау алды. Орталық Азияның алтын алқасындай болған 2200 жылдық тарихы бар бұл қала көне һәм жаңа заманауи архитектуралық нысандарға, жасыл желекке тұнып тұр. Жүйрік поезд жолаушыларды екі сағаттың ішінде 500 шақырым жердегі әйгілі Самарқандқа жеткізіп салды. Іргетасының қалғанғанына 2750 жыл толған алып өркениетті мекеннің ашық аспан астындағы, жер бетіндегі тарихи мұражайға ұқсайтынын мына жайттан-ақ аңғарсаңыз. Мұнда 14 ғасырда салынған Меуеренахрдың күдіретті билеушісі Әмір Темірдің мавзолейінде ұлдары Шахрух, Ираншах, немерелері Ұлықбек, Мұхаммед сұлтанның кесенелері көк мәрмәр таспен көмкерілген. Атағы алысқа жайылған Тұранның жолбарысы атанған, біздің Жалантос Баһадүр бабамыз осы өлкені билеген шақта 1417-26 жылдары салдырған Регистон алаңы, Шардор медресесі, Тиллақари мешіті ғасырлар бойы көрген жұрттың көз жауын алып, сәулет өнерінің жауһары сана-

лып, мұсылмандықтың дәнін сеуіп, имандылық пен білімге қалтқысыз қызмет етіп келеді. Онда Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың немере інісі Шахизад, ортағасырлық батыр Апырасияб бастаған тұрпатты тұлғалардың 11 мавзолейі бар. Бұл жерден 12 шақырым қашықтықтағы «Дехбөт» деген кешенде 45 мешіт тұрғызып, 30-дан астам іргелі ғылыми еңбектер жазған әулие Мағлұм Мағзамның кесенесінде Әмір Темір, Жалантөспен қатар әр заманның көптеген қайраткерлері мәңгілік мекенін тапқан. Ал ғарышты зерттеуші ғұлама ғалым Ұлықбектің сонау 14-15 ғасырларда өз қолымен жасатқан обсерваториясы – ғаламдық түсініктегі ғажап дүние. Міне, осыншалықты бай тарихи жәдігерлерді қызылордалық ардагерлер шетелдік туристермен қатар емін-еркін аралап көріп, бабалар рухына тәу етті.

Дәуірлеген тұсында жеке дара дербес хандық құрған Бұқараның тарихи мұрағаттық мұқамалдықтары да бұдан әсте кем түспейді. Жарты әлемді билеген қаһарман қолбасшы А.Македонский салдырған, сан ғасырлардың куәгері – көне қорғанның өзі неге тұрады? Бәрін де біздің қарақөздеріміз үшін бақастың әйгілі биі Өйтеке ба-

ның жатқан жері қасиетті Тұр-атаның топырағын басып тұрып, рухына тағзым ету естен кетпес ерекше әсерлі сәт болды. Қазақтың, өзіміздің Сыр бойының көптеген қарилары, діни оқымыстылары дәріс алған барша дін Исламға мәшһүр Көкілташ медресесі, осында қасиеттеп сақталған киелі Құран-Кәрімнің түп нұсқасымен танысу ілім-біліміңізді байыта түсері сөзсіз.

Жол сапарға жасалған арнайы жоба бойынша Ташкентке қайта оралған қызылордалық қариялардың мұнда да танысып біліп жадындағыны жаңғыртудың мүмкіндіктері мол болды. Бағзы замандардан бері қазақ пен өзбекке тең қызмет қылған ортақ астанамыз іспетті іргелі шаһарда біздің ұлтымыздың да тарихына, тағдырына қатысты жәдігерліктер, арғы-бергі дәуірлердегі халқымыздың қамын жеген қарымды қайраткерлеріміздің іздері қадам басқан сайын кезігетіні хақ. Бір қызығы, осы шыр айлы шаһарда біздің тағы бір көрген бабаамыз Төле билің кесенесін өзбек ағайындар Қарлығаш би деп дәріптеп, ерекше ітіптіптен күтім жасап жатқандығы жерлерімізді алғыс сезіміне бөледі.

– Сыр өңірінің бір топ ардагерлерінің мақсатты түрде,

Қазақстанның Өзбек мемлекетіндегі жылы аясында туристік сапармен көрші елге жасаған саяхатында көптеген жайттарға қанықтық. Тарпан тарихымыздың тірі куәліктерін көзбен көріп, қолмен ұстап, солар жайлы бірінші нұсқадан мағлұмат алдық. Осында да топырақ бұйырған бабаларымыздың басына барып, құрметімізді жасап, зиярат қылып, аруақтарына құран бағыштауымызға мол мүмкіндік туғызды. Бұл жолы туристік саяхатты тоңтың құрамында аймағымыздың Қазалы, Қармақшы, Шиели, Жанақорған аудандарының ақсақалдары, ақ жаулықты аналары болды. Алдағы уақытта осынау игі шара жарасымды жалғасын тауып, 12-26 тамыз күндері қалған аудандар мен Қызылорда қаласының ардагерлер өкілдерінен тұратын тағы да екі топ белгілеген маршруттар бойынша Өзбекстан Республикасына сапар шегеді. Сапарды ұйымдастыруға қолдау көрсеткен облыс басшылығына алғыс айтамыз, – деді облыстық ардагерлер кенесінің төрағасы С.Дүйсенбаев.

Қуаныш МАХАНБЕТ, облыстық ардагерлер кенесі баспасөз бөлімінің менгерушісі.



ШІКІР МЕН ПАЙЫМ Ел азаматтарының сұранысына негізделген



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауды бағдарламасы – халықтың бағдарламасы. Оның мәні мен болмысы қазақстандықтардың көкейіндегі мәселелерді анықтап, шешімін ұсынады.

Президент ұсынған сабақтастық, әділдік, өрлеу ұғымдарының аясы кең. «Сабақтастық» Елбасының сыннан өткен стратегиялық бағытының сабақтастығын қамтамасыз етумен сипатталады. Қоғам бірлігін сақтау, қазақстандықтардың тұрмыс сапасын арттыруға арналған әлеуметтік бағдарламаларды мүлтіксіз жүзеге асыру, тұрақты экономикалық өсім арқылы жетістіктерді еселеу, Елбасының бес институционалды реформасы – Ұлт жоспарын жүзеге асыру да аса маңызды.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы әділдікке негізделген әділетті қоғам орнату, оның ішінде заң үстемдігі мен әділ сот төрелігін, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлықты түп-тамырымен жою, тиімді әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін құру, дені сау, білімді ұрпақ қалыптастыру, халықты жұмыспен қамтуды атап өтті.

Ал «Өрлеу» бағыты бойынша қарқынды экономика құру, аудақты және заманауи ауыл қалыптастыру, тиімді қаржы жүйесін, жоғары сапалы инфрақұрылым, тұрғылықты халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету сияқты маңызды міндеттерді белгілеп берді.

Түйіндей келгенде айтарымыз, бағдарлама ел азаматтарының сұранысына негізделіп, сапалы өмір сүру деңгейіне жетуін мақсат еткен.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Кәсіпкерлерге жасалған үлкен қолдау



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауды бағдарламасының толығымен жүзеге асырылуын қамтамасыз етудің маңызы зор. Бұл экономиканы және инфрақұрылымның тұрақты дамуы, қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау мәселесін жақсарту арқылы халықтың табысын және тұрмыс сапасын арттыру.

ҚР Президентінің сайлауды бағдарламасындағы стратегиялық міндеттерін тиімді жүзеге асырудың арқасында әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік жасалады. Елімізге инвестициялар тартуға, барлық қызғушылық танытқан елдермен азаматтардың мүддесі үшін ынтымақтастықты арттыруда Қазақстанның осы уақытқа дейінгі халықаралық сенімді тиімді пайдаланамыз. Біздің сыртқы саясаттағы қаламдарымыз мемлекетімізге, ұлттық бизнеске, әр азаматтың пайдасын тигізіуі тиіс» деп көрсеткеніміз өзін сияқты кәсіпкерлерге жасалған үлкен қолдау екенін айтқым келеді.

Қайрат НҮРСЕЙІТОВ,
«Ақжарма және К» ЖШС төрағасы.

РУХАНИЯТ

Бауырмалдыққа бастайтын мереке

Ертен адамзат баласын имандылыққа ұйғытып, қанағат пен тәубеге үлдейтін қасиетті Құрбан айт мерекесі. Бұл күні Алла разылығы үшін мал шалынып, қажылық өтеушілер Қағбаға жүзін қаратып, Арафатта дұға оқиды. Дүйім мұсылман баласы Алла жолында құрбандық шалу арқылы бір-бірін дінге беріктік танытуға шақырады. Рухани тазалықты, ізгілік пен адалдықты, терең сенімді ұлықтайтын мереке Сыр өңірінде де ерекше аталып өтпек. Ұлық мейрамда орталық мешітке түрлі шаралар, оның ішінде «Мешіттерде Құрбан шалу рәсімін өткізу», «Құрбандық малының етін мұқтаждарға үлестіру», «Спорттық жарыстар», «Ел үлесі – пәтерге» жобасы аясында рәсімдер жасалады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Дінімізде әрбір балиғат жасына толған мұсылман құрбан айтта құрбандық шалған жөн. Өйткені, шамасы жеткендерге құрбан шалу уәжіп етілген. Сонымен қатар, құрбандық малын мүмкіндігінше мойнына уәжіп болған адамның өзі шалған дұрыс.

– Құрбан айт күндері мүмкіншілігі жеткен кісі құрбан малын шалып, мұң-мұқтажын, жок-жітіктің халіне жәрдемдесіп қана қоймай, Алланың разылығына жақындай түседі. Құранда Алла тағала: «Намаз оқы және құрбан шал» («Қаусар» сүресі, 2-аят) деп бұйырса, сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с) «Құрбан шалыңдар! Өйткені ол Ибраһим бабаларының сүннеті» деп құрбан шалудың сауапты амал екендігін

атап айтқан болатын. Сондықтан құрбан шалу арқылы мұсылман баласы бауырмалдық, бір-біріне жәрдемдесу, туыстық қарым-қатынас сынды адам құндылықтардың үлгісін көрсетеді, – деді өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бас имамы Болатбек қажы Абуов.

Құрбан шалудың уақыты – құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға дейін. Айт намазынан бұрын немесе төртінші күні құрбан шалынбайды әрі ол уақыттарда сойылған мал садақа болып есептеледі.

Ал құрбандыққа қой, ешкі, сиыр және түйе малдары ғана шалынады.

Оның үстіне қандай да бір кемістігі болмауы керек. Құрбан ретінде шалынатын қой не ешкі кем дегенде бір жасар, түйе бес жасар болуы тиіс.

– Қой немесе ешкі тек қана бір адам шалады. Сиыр немесе түйені жеті кісі бірігіп ортақ шалуларына болады. Құрбанды ортақтасып шалған уақытта әрбір адам құрбан шалу ниетімен ортақтасуы керек. Бір кісі құрбан үшін, екіншісі етін алу ниетімен ортақтасса, шалынған мал барлық ортақтар үшін құрбан болып есептелмейді. Менен көп адамдар сұрап жатады, «құрбандыққа мал соймай, құрбанның құнын ақшалай садақа ретінде мұқтаждарға берсе бола ма?» деп. Болмайды, себебі құрбандыққа қан ағызу негіз болғандықтан, мал сойып, қан ағызбаса, құрбандық міндеті мойнынан түспейді, – деді бас имам.

Жалпы құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп таратады. Бір бөлігі – туған-туыс, көршілерге, екіншісі бөлігі – кедей және мұқтаж жандарға, үшіншісі бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына беріледі.

Айта кету керек, мерекеге орай қаладағы мешіттерде мал сою орындары белгіленген. Қала тұрғындары сол орындарға барып союларына болады. Шалған құрбандарыңыз қабыл болсын!



ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

«Біздің міндет – салық төлеушіге сапалы қызмет көрсету»

Мемлекеттік кіріс органдары – жоғары тиімділіктегі басқару жүйесі бар, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ерікті түрде төлеуге және еркін халықаралық сауданы ынталандыру және адал салық төлеушілер мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін қолайлы ортаны жасаушы, клиентке бағдарланған қызмет. Мемлекетіміздің қалыптасуы мен өркендеуі бюджет кірісінің онтайлы қалыптасуымен тығыз байланысты. Осы тақырып Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ғалымжан Орынөвпен жасалған сұхбатқа арқау болған еді.



жылы шоғырландырылған бюджетке түскен түсім 222,5 млрд теңгені құраса, 2018 жылы 298,9 млрд теңгеге жетіп, үш жылда 76 млрд теңгеге артты.

– *Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының аясында салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?*

– Еліміздің әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру тұжырымдамасын жүзеге асыру бағдарында Үкімет елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету бойынша 21 жобаны анықтады. Оның бірі – Қаржы министрлігінің «Салықтардың жиналымын арттыру» жобасы. Осы жобаны іске асыру шеңберінде министрліктің алдына салықтардың жиналымын 2016 жылғы 15,2%-тен 2025 жылы 25%-ке дейін ұлғайту міндеті қойылды.

Жоба жанама салықтарды әкімшілендіру (қосымша құнға салынатын салықтар және акциздер) және тікелей салықтарды әкімшілендіру деген 2 бағыт бойынша 8 бастамадан тұрады. Алғашқысы – «АСТАНА-1» бастамасы. Кедендік рәсімдер кезінде электронды декларациялау жүйесін әзірлеу шеңберінде «АСТАНА-1» электронды түрінде декларацияларды қабылдау және өңдеу бойынша жаңа көпфункционалды ақпараттық жүйе енгізілді. Ол алдын ала ақпараттарды беру, тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалану, транзиттік тіркеу, тауарларды шығарғандар кейінгі уақытта дейін уақытша сақтау қоймасында сақтау кезінде барлық кедендік процесі автоматтандырылған бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оның енгізілуіне байланысты уақыт пен қаржы шығындары азайып, электронды декларациялау оң әсерін тигізді.

Облыста былтыр аталған ақпараттық жүйе арқылы 2813 кедендік декларация рәсімделсе, бірінші жартыжылдықта 1958 кедендік декларация өңделді. Бұрын мұндай экспорттық және импорттық рәсімдерге 55 минут кетіп, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар кеден органына жеке келуі қажет болатын. Қазіргі жүйе олардың арасындағы тікелей байланысын бодырмайды және рәсімдеуге өте қысқа уақыт жұмсайды.

«Электрондық шот фактуралар» бастамасы бойынша 2014 жылдың 1 шілдесінен бастап Салық кодексінің ережелеріне сәйкес шот-фактуралар электронды түрде жазылуға. Шот-фактуралар электронды түрде жазу кезеңінен міндеттеліп келсе, жыл басынан бері барлық қосымша құнға салық төлеушілерге (ҚҚС), ҚҚС төлеуші болып табымайтын комиссиянерлер мен экспедиторларға, сондай-ақ, импортталған тауарларды сатқан жағдайда да міндеттелді. Қазіргі кезде бұл жүйені біздің об-

лыста 1380 заңды тұлға, 379 дара кәсіпкер, барлығы 1759 адам қолданып отыр.

«Саудадағы қолма-қол есеп айырысуларды қысқарту» бастамасы шеңберінде онлайн-БКМ қолдануға көшу кезең-кезеңмен (тоқсан сайын) жүзеге асырылуда. Оларды жүзеге асыру кезінде салық төлеушілер ақшалай есеп айырысуда онлайн-БКМ қолдануды қамтамасыз етуге міндетті. Келесі жылдан бастап деректерді онлайн беру функциясы бар бақылау-қасалық машиналарды қолдануға толық ауқымды көшу, әсіресе ашық нарықта көлеңкелі айналымды айтарлықтай төмендетуде, сондай-ақ, тұтынушылардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Бүгінде департамент бұл жүйеге көшу тәртібі төлем құралдарын қолдану міндеттілігі бойынша кең ауқымда түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Онлайн-БКМ енгізудің онтайлылығы, мәселен, күніне бір чектен берген немесе күнделікті бір түсім сомасын көрсеткен сауда субъектілері түсімдерін 2 есеге дейін ұлғайтып отыр. Жобаға енгізілген 10 тобынағқа жүргізілген талдау нәтижесінде, 64 млн теңгеге дейін кірісі ұлғайтылды.

– *Төлем есенділігімен қатар тауарларды да қатысты ақпараттық жүйелер жасалған болар?*

– Иә, «Виртуалды қойма» бастамасы тауарларды есепке алу, қалдықтарды автоматты түрде санау және импортталып келген тауарларды кіріске алуға бизнес-процесті автоматтандыру мақсатында жасалды. Виртуалды қоймада әрбір салық төлеушінің жеке қоймасындағы тауарлар жайлы ақпарат, оған тауардың кіруі, тауардың орнын ауыстыруы және есептен шығару туралы барлық электрондық құжаттар сақталатын болады. Нәтижесінде виртуалды қоймадан таңдалған тауар бойынша электрондық шот-фактураларды рәсімдеу барысында тауар декларациясына тауардың шығу тегі сертификаттың мәліметтерін автоматты түрде тоқтатылады. «Виртуалды қойма» модулі арқылы өткізілетін тауарлар тізбесі кеңейтілуде. Жыл басынан бері жеңіл және жұк көліктер, 1 шілденен бастап тонназықштар, теледидарлар, 1 – қазаннан шаңсорғыштар, электр қыздырғыштар, фотокамералар енгізілді.

«Тауарларды таңбалау» бастамасы шеңберінде елімізде тауарларды таңбалау және қадағалау жүйесін құру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының жоюы бектіліп, «Темекі және темекі өнімдері» тауар тобын ЕАЭҚ тауарларының цифрлық платформасы базасында темекі өнімдерін таңбалау бойынша пилоттық жоба жүргізілуде. Блокчейн (IBM Hyperledger Fabric) және жасанды интеллект (IBM Watson) технологиясын енгізу бөлігінде қолданбалы зерттеулер бойынша зертхана құрылады. «Blockchain» технологиясын пайдаланудың негізгі принципі – ҚҚС қаржылық ағынын бақылау және нақты уақытта салық төлеушілердің салықтық міндеттемелерін орындаудың ашықтығын қалыптастыру. Осыны жүзеге асыруда ҚҚС төлеушілердің ҚҚС бақылау шоты қолданылады.

ҚҚС бақылау шоты бұл – ел аумағындағы екінші деңгейлі банктерден салық төлеушілер ашқан қосылған құн салғы бойынша төлемдердің қозғалысын есепке алу үшін пайдаланылатын банктік шот. Оны енгізу шеңберінде екінші деңгейлі банктермен Блокчейн технологиясын

пайдалануға уағдаластыққа қол жеткізілді. Сондай-ақ, ҚҚС бақылау шотын енгізу бойынша бизнес-процестер әзірленді. Оны қолдану нормалары жыл басынан қолданысқа енгізілді.

«Салықтық әкімшілендіру мақсаттары үшін үшінші тұлғалардың дерекқорларын құру» бастамасы бойынша бизнес субъектілерінің суды, газды және электр энергиясын тұтыну көлемі бойынша коммуналдық ұйымдардың мәліметтері негізінде «Суды, газды және электр энергиясын тұтыну арқылы қашықтан бақылау» жобасы жүргізілуде. Нәтижесінде бюджетке бытыр 64,8 млн теңге, өткен 1-ші жартыжылдықта 52,9 млн теңге салық түсті. «Жалпыға бірдей декларациялау енгізу» бастамасы 2021 жылдың 1 қаңтарына ауыстырылды және бұдан әрі кезең-кезеңімен енгізіледі. Бұл жүйені енгізудің мақсат – жеке тұлғалардың табыстары мен мүліктерін тиімді бақылауға қол жеткізу.

Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатын, табысын мен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауынан туындайтын міндеттің бірі – салықтың негізгі сомасы төленген жағдайда, өсім мен айыппұлды алып тастай отырып, шағын және орта бизнес үшін салық рақымшылығын жүргізу. Осыған сәйкес, жыл басынан бері шағын және орта бизнес субъектілеріне 2018 жылдың 1 қазанындағы негізгі қарызын осы жылдың соңына дейін төлеген жағдайда өсімпұл мен айыппұлды есептен шығаруды көздейтін салықтық рақымшылық жүргізілуде.

Салықтық рақымшылық не үшін жасалады? Шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерінің қордаланған қарызын елеулі бөлігін өсімақа және айыппұлдар құрайды. Негізгі салықтан қарызын өтеуден соң кәсіпкердің кәсібін жалғастыруға, жана кәсіп түріне ауысуға, жана идеялары мен бастамаларын жүзеге асыруға мүмкіндігі пайда болады. Облыс бойынша рақымшылықты пайдалануға мүмкіндігі бар тұлғалар саны – 1839, олардың 2018 жылдың 1 қазанына жалпы берешегі 5,3 млрд теңгені құраған. Оның 3,5 млрд теңгесі негізгі қарыздары, 1,6 млрд теңгесі өсімпұл және 200 млн теңгесі айыппұлдар. Қазіргі уақытта 1170 салық төлеуші немесе 64 % 168,1 млн теңге негізгі қарызын өтеп, 31,8 млн теңге өсімпұлды есептен шығарыпты. Одан басқа, 16 шілденен бастап жеке тұлғалардың салықтары бойынша өсімпұлдарды есептен шығару жолымен іске асатын салықтық рақымшылық басталды. Өсімпұлды есептен шығарудың жалғыз шарты – жеке тұлғаның салықтар бойынша негізгі борышты төлеуі. Рақымшылықты пайдалануға мүмкіндігі бар облыс бойынша жеке тұлғалар саны – 63905, олардың жалпы берешегі 1 млрд теңгені құраса, оның 790 млн теңгесі негізгі қарызы, өсімпұл 230 млн теңге.

– *Салықтық қызмет көрсетуінің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстардың барысы қалай?*

– Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарының талаптарына сәйкес, департаменттің салық саласында 28 мемлекеттік қызмет көрсетіледі, оның 18-і автоматтандырылған. Ал кеден саласы бойынша сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға көрсетілетін 16 мемлекеттік қызметтің алтауы толық автоматтандырылған. 2019 жылдың 1 қаңтарында 553 864 мемлекеттік қызмет түрі көрсетілсе, 94% электронды түрде атқарылды.

Біздің басым бағыт – салық

төлеушілерге сапалы мемлекеттік қызмет көрсету. Көрсетілетін қызметтің сапасы мен ұтқырлығы бағалау мақсатында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен «Цифрлы агент» мобильді қосымшасы бытыр жыл соңында іске қосылды. Мұнда мемлекеттік қызметті алушылардың нақты уақытта қызмет көрсету сапасына қатысты өз шағымын және тиісті бағасын беру мүмкіндіктері қарастырылған.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру мақсатында Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында кезекті басқарудың электрондық жүйесі орнатылған. Ол бойынша был 47215 салық төлеушіге қызмет көрсетілді. Дайын құжаттарды беру бойынша 3356, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға 2, жеке тұлғаларға 30442, тіркеу және есептен шығару бойынша 8408, электронды цифрлық қолтаңба алу 1427, ҚҚС тіркеуге қою бойынша 526 кезекті басқарудың электрондық жүйесі арқылы қызмет көрсетілген. Кірістер органдарында мемлекеттік қызмет алу үшін мемлекеттік қызмет көрсетудің экстерриториялық принципін қарастырылған. Бұл – салық төлеушіге оның орналасқан мекен жайына қарамастан, 12 мемлекеттік қызмет түрін көрсету мүмкіншілігі деген сөз.

– *Ғалымжан Қалдықозұлы, кәсіби меркелеріңізді қандай табыстармен қарсы алып отырсыздар?*

– Өткен жартыжылдықта шоғырландырылған бюджетке 198,6 млрд теңге түсім түсуін қамтамасыз еттік, бұл өткен жылдың осы кезеңінен 47,2 млрд теңгеге артық. Оның ішінде мемлекеттік бюджеттің үлесі 76,3 млрд теңге, тапсырма 102,8% орындалды. Республикалық бюджетке түсірілген салық көлемі 51 млрд теңге, өткен жылдың осы кезеңінен 17,1 млрд теңге артық (осу қарқыны 150,4%), жергілікті бюджетке түсім 25,4 млрд теңге болып құралды, жоспардан артық түскен 2,9 млрд теңге немесе орындалуы 112,9%. Өсімге қол жеткізудің негізгі себептері облыстың макроэкономикалық көрсеткіштерінің жақсаруы. Мәселен, құрылыс көлемі (239,9%), көлік қызметі (104,3%), ауыл шаруашылығы өнімдері (102,3%) өсті.

Ақпараттық жүйелердің дамуы, бұрынғыдай тексеруге шығу деген түсінікті азайтты. Мысалы, 2017 жылмен салыстырғанда, тексеру саны 29% азайды (2017ж. – 1962, 2018ж. – 1392). Камералдық бақылау адал кәсіпкерлердің санын көтеруде. Декларацияларға жасалған нақты талдау қателікті өзі көрсетеді, ал салық төлеуші белгіленген уақыт ішінде салғын төлеп, өз қателігін өзі жөндей алады. Камералдық бақылау нәтижесімен мемлекеттік бюджетке 9,5 млрд теңгенің қосымша кіріс көздері қамтамасыз етілді.

Бүгінде жана құрылым ретінде жұмыстарымыздың бірқалыпты ырғағы қалыптасып, тиімділігі жоғары екендігін осындай игі істер дәлелдеп отыр. Сондықтан, барлық әріптестерімді кәсіби меркелерімен құттықтай отырып, мемлекетіміздің экономикасын нығайтуға, беріктігін сақтауға қиын да қызықты еңбектеріңіз жана беруіне тілектестік білдіремін. Ел игілігі үшін жасап жатқан еңбектеріңізді әріптестеріме абырой, қуаныш жеткізіңіз!

– *Сұхбатыңызға рахмет!*
Сұхбатты жүргізген Ыдырыс ТӘЖІҮЛЫ, «Сыр бойы».



«Syr boiy» gazetiniń arнайы beti

Даму кiлти – кәсiпте

Сыр өнiрiнде шағын және орта бизнес қарқынды дамып келедi. Бұл саланың қарыштап дамуына түрлi мемлекеттiк бағдарламалар өз септiгiн тигiзуде. «Бизнес-жол картасы – 2020», «Микробизнес – Қызылорда» өнiрлiк бағдарламасының игiлiгiн көрiсiлердiң қатары жыл санап артауда. Мәселен, бiр ғана Жалағаш ауданында осы жылдың I шiлдесiнде 2300 кәсiпкерлiк субъектiрiкелген. Оның 89,1 процентi жұмыс жасап тұр. Жыл басымен салыстырғанда тiркелгендердiң саны 40-қа, ал жұмыс жасап тұрған кәсiпкерлiк нысандар саны 170-ке ұлғайған. Сала бойынша 5,9 процентке өсiм бар.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

мен жақын елдi мекендердi сүт өнiмдерiмен қамтамасыз етiп отырған Дәурiжан алдағы уақытта кәсiбiн одан әрi кеңейтудi жоспарлаған. – Ауыл адамдарына мал шаруашылығымен айналысу өте қолайлы деп ойлаймын. Сондықтан осы бағытта жұмыс жасағым келiп жоба ұсындым. Ұсынысым қолдау тауып 6 процентпен 3 млн теңге көлемiнде несие алдым. Ендiгi жерде

тәттiлерi» кондитерлiк цехын ашады. Бүгiнде кәсiпкер ауыл халқынан өнiмдерiмен қамтамасыз етуде. Айнұрдың тәттiлерiне ауылда сұраныс көп екен. Әсiресе, той-томалақта, құдайы да тапсырыс мол болатын көрiнедi. Кәсiпкер өз кәсiбiн әрi қарай жандандырып, өзге елдi мекендердi де тәттi бәлiштермен қамтуды жоспарлауда.

мәжбүр екенiн айтады. – Көй өсiру өте қолайлы. Келешекте асылтұқымды мал басын, оның iшiнде аналық басты көбейтiп, ет бағытында да жұмыс жасаймын. Алайда, қойдың жүнiн еш жерге өткiзе алмай отырмыз. Сұраныс жоқ, қыркылған жүндер ысырап болып жатыр. Қой жүнiн өткiзетiн жер болса, – деген кәсiпкер Шопан ата төлiнiң қондылығын арттырып қана қоймай, жылқы мен iрi қара өсiрудi де көздейдi.

Үлкен бизнес шағын кәсiптен басталады

Жалағаш ауданында халыққа қызмет көрсететiн түрлi орталықтар жетерлi. Соның бiрi – Манарбек Қожахметов ашқан «Салта-массажа» салоны. Жергiлiктi тұрғындарға тиiмдi бағада қызмет ұсынатын кәсiпкер Нұр-Сұлтан қаласында арнайы оқу оқып, қазiргi таңда жары өкiуi бiрге жұмыс iстейдi. Манарбек остеохондроз, артрит, артроз, дисплазия ауруларын емдеп, классикалық массаж түрлерiн жасайды. Ауданда оның емiне жүгiнетiндер көп екен. Қазiргi күнi халық ауылдан келiп ем алып жатқан көрiнедi.

– Массажен айналысқанымна 3 жыл болды. 2017 жылы «Бизнес-жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы 1 млн теңге көлемiнде мемлекеттiк грантқа не болдым. Сол арқылы осы салонды ашып халыққа қолымнан келгенiне қызмет жасаймын. Салонимызға күнiне 15-20 шақты адам келедi. Қызмет күнi күнiне 1000 теңге, бiр курсы 10 күн. Сұраныс бар, инсульт алған адамдардың үйiне барып емдеймiн. Ем алушылар алдын ала жазылады. Алда жоспарлар көп, қызмет алушылар қатары артып жатқандықтан салонды кеңейту, оған қажеттi техникаларды алу басты орында тұр, – дейдi Манарбек Қожахметов.

Жалағаш аудан.

Алғашқы жартыжылдықта ауданда мемлекеттiк, үкiметтiк және өнiрлiк бағдарламалар аясында шағын және орта кәсiпкерлiктi бастау немесе дамыту бағытында 167 кәсiпкер 1311,4 млн теңгеге қаржыландырылды.

Атап айтқанда, «Бизнес-жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында екiншi деңгейлi банктердiң облыстық филиалдары арқылы 4 жобаға 195 млн теңге қаржы бөлінiп, пайыздық мөлшерлеме бағдарламаның шартына сәйкес субсидияланды. Оның iшiнен 2 жоба 47,4 млн теңгеге iшiнара кепiлдендiрiлген.

Сонымен қатар, аталған бағдарламаның мемлекеттiк гранттар беру бағыты бойынша 7 жоба 2,4 млн теңге қайтарымсыз грантқа ие болды. Нәтижелi жұмыспен қамтуды және жаппай кәсiпкерлiктi дамытудың 2017-2020 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында жыл басынан берi 61 жоба 240 млн теңгеге қаржыландырылды.

Бағдарламаның мемлекеттiк гранттар беру бағыты бойынша 45 жұмыссыз азамат 11,7 млн теңге қайтарымсыз негiзде қаржыландыруға ие болып отыр. Ал «Қызылорда» өнiрлiк инвестициялық орталығының «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы аясында 30 жоба 100,4 млн теңгеге қаржыландырылған.



Аққұмдағы алымды iстер

Бүгiнде аққұмдық 23 жастағы Дәурiжан Қайрат атақасiппен айналысып, нәсiп табауда. Ол мал басын көбейту мақсатында «Қызылорда өнiрлiк инвестициялық орталығы» ЖШС-нан «Еңбек» бағдарламасы арқылы 3 млн теңге көлемiнде несие рәсiмдеп 10 бас iрi қара алған. Қазiр олардың саны 30-ға жеткен. Кәсiбiн дөңгелетiп отырған жас кәсiпкердiң қарамағында 2 адам жұмыс iстейдi. Өз ауылы

кәсiбiмнiң ауқымын кеңейтiп, мал басын көбейтiп қана қоймай, бордақылау алаңын салу ойда бар, – дейдi Д.Қайрат. Аққұм ауылында жеке кәсiбiн дамытып отырғандардың бiрi – Айнұр Дәужанова. Жергiлiктi ауруханада аспазышы болып iстеген ол өткен жылы «Бизнес-жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы 500 мың теңге көлемiнде қайтарымсыз грант иелендi. Бұл қаражатқа түрлi тәттiлер мен нан өнiмдерiн пiсiруге арналған пеш алып, «Медгат

Мал өсiрсең қой өсiр...

Бұқарбай батыр ауылдық округiнiң тұрғыны Бауыржан Ғазизов қой шаруашылығымен айналысып келедi. Өткен жылы «Ауыл шаруашылығын қаржыландыру қоры» АҚ «Еңбек» бағдарламасы арқылы 1 млн теңге көлемiнде несие алып, 40 қой сатып алған. Олардың саны қазiргi таңда 75-ке жетiп отыр. Кәсiпкер iнiсi қолғабыс етедi. Өнiмiн әлi сатып көрмеген, десе де, қой жүнiне сұраныс жоқ болғандықтан тастауға

Мал күтiммен көбейедi

Нарық қоғамына бейiмделiп, отбасылық кәсiптi ерте қолға алғандардың бiрi – жалағаштық Құсбековтер әулетi. Тәуелсiздiктiң алғашқы жылдары халық жаппай ала дорба аркалап, базар жағалап кеттi. Сол кезде Жалағаш ауданында алғашқылардың бiрi болып дүкен ашып, халыққа қызмет жасаған бұрынғы құрылысшы Болатбек Құсбеков – бүгiнде ауданға белгiлi кәсiпкер.

Аудан орталығындағы қонқабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтiк нысандардың құрылысында қолтаңбасы қалған Болатбек ағаның есiмi аудан жұртшылығына етене таныс. Ол 1977 жылы қала орталығындағы политехникумды бiтiрiп келген соң, аудан орталығындағы ПМК-5 құрылыс мекемесiнде еңбек жолын бастады. Кейiн өзiнiң бiлiмi мен бiлiктiлiгiнiң арқасында бiрiншi уәсiске прораб, механикаландырылған колоннаның уәсiске бастығына дейiн көтерiлдi. Сол кезеңде 18 пәтерлiк тұрғын үй, мәдениет үйi, Қаракеткен мен М.Шоменов ауылындағы мектеп, ауылдық клуб және тағы сол сияқты көптеген құрылыс жұмыстары қарқын алды. Осы салада елеулi еңбек еткен ол аудандағы сәулеттi нысандардың бiрi көтеруге атсалысып, абыройлы қызмет атқарды. Содан соң тоқсаныншы жылдары сауда сәлдерiнде азық-түлiк тапшылығы байқалған тұста ел экономикасын өселеуге кiрiсiп, жергiлiктi халықты үлiмен қамтамасыз еттi. Сол кезеңдерде алғашқылардың бiрi болып аудан орталығынан «Бадәулет» сауда



орнын ашып, кәсiпкерлiк бағытында халыққа қызмет көрсете бастады. Ал қазiр атақасiптi қолға алып, қорасын төрт түлiкке толтырып отыр. Кәсiпкер 2005 жылы өзiнiң жеке шаруа қожалығын ашып, аграрлық саланы қаржылай қолдау мақсатындағы мемлекеттiк бағдарламалардың игiлiгiн көрдi. Атақасiптi дамытуды қолға алған шаруашылық неси мал басын көбейтiм деген қатар, ет, сүт бағытында жұмыс жасап, экологиялық таза, жергiлiктi өнiмдi тұтынушыларына үлестiрiп келедi. Мал асылданбай, өнiм мөлiмiн билген ол 2011 жылы «Агронесие корпорациясы» АҚ облыстық филиалы арқылы 7,9 млн теңге несие алып, қаржыны 2 бас асылтұқымды

бұқа мен 48 бас аналық сиыр алуға жұмсады. Бүгiнгi күнде мұндағы мал төлiн қоспағанда аналық сиырдың саны 100-ден асады. Кәсiпкер Мәдениет ауылының манайына дейiн иесi қадағалап отыруы керек. Күтiмсiз мал басы көбеймейдi. Бұл тұрғыдан келгенде кәсiпкер ыждағатты. Таң азаннан тұрып малды сауу, өрiске шығару, қорала қалатын төлдерiн суарып, жемлеу, қора жайын тазалау секiлдi жұмыстарды Болатбек ағамыз бен ұлы Нұрәулет атқарады. – Ата-бабамыздың тұрмысына тұтқа болған төрт түлiк малдың тұяғы тәуелсiздiктiң алғашқы жылдары тым азайып, мал шаруашылығы кеңелеп қалған болатын. Елiмiз ессенсiн тiктеген соң ел экономикасын әлеуетiн күшейтiп, халықтың әлеуметтiк жағдайын нығайту үшiн аграрлық салаға қой

бөлінiп, кешендi шаралар қабылданды. Нәтижесiнде көптеген бағдарламалар өмiрге келдi. Мен де «Сыбаға» бағдарламасынан сыбағамды алғандардың бiрiмiн. Бүгiнде шаруашылықтағы Зенгi баба түлiгiн басы жүзден асып жығылады. Олардан жыл сайын 60-70 бас төл алынады. Жайылымдық жердегi үйге арнайы күн электр құрылысы орнатылған. Шүкiр, алды еңбектiң арқасында жыл сайын төлге төл қосылып, малдың басы көбейiп келедi. Жылқы малы да бiр үйiрден асады. Жылқыны үйiрiнен iрiктеп алып, бордақылаймыз. Сауыншылар 80-ге жуық сиырды сауып, одан шыққан сүттi мектеп, балабақша асханаларына, сауда дүкендерiне өткiзедi. Тек мал шаруашылығымен ғана шектелмей, кәсiбiмiздi одан әрi кеңейту бағытында кент орталығынан әлеуметтiк нысан салдық, – дейдi Болатбек Әубәкiрұлы.

Иә, кәсiпкер сүт, айран, қатық, сүзбе, қаймақ, күрт, iрiмшiк секiлдi өнiмдердi төмен бағамен аудан халқына ұсынып отыр. Бұл шаруа қожалығы мал азығы мен шөптi де өздерi дайындайды. Жыл сайын 30 гектар жерге жоңышқа, 50 гектарға күрiш егiп, оны жыны-терiм науқанында ысырапсыз жинап алады. Береке дарып, күт қонған Құсбековтер шаңырағындағы ұл-келiндерi қазiргi таңда ата-анасының кәсiбiне демеу болып, шаруашылық жұмыстарды жүргiзуге қолғабыс етуде.

– Жалпы осы iске өзiмнен 16 млн теңге қаражат шықты. Ал кәсiбiмдi үлкейтуге мемлекеттiк бағдарлама бойынша Қызылорда өнiрлiк инвестициялар орталығынан «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы арқылы 10 млн теңге төмендетiлген пайызбен несие алдым. Қазiр кәсiпкерлерге қолдау көп. Осылай iсiмiз де өркендей бермек. Көгiлдiр отынға әзiр қосыла қойған жоқпыз, сондықтан көмiр жағамыз. Оның да бағасын ел ағалары қалтаға қонымды етiп, төмендеткен едi, – дейдi қарқын болшаққа жаңа көзқараспен қарайтын жас.

Ердос бұған дейiн жолаушылар тасымалымен айналысты. Қазiр де бұл кәсiптi тоқтатқан жоқ. Өзiнiң иелiгiндегi екі газель автокөлiгiмен қала мен кент арасына қатынап жүр.

Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ. Жалағаш ауданы.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Жаңашылдық көкжиектi кеңейтедi

«Алма піс, ауыма түс!» деп жатқаннан шаруасы шалқыған кiмдi көрдiңiз? Кәсiпкерлiк дегенде аты ауызға алдымен iлiнетiн, экономикасы облыс бойынша алдыңғы қатарда тұратын Сырдария ауданында да мемлекеттiк бағдарламалар қарқынды жүзеге асуда. Тiрiшiлiк түйткiлiн тап басып, ауданда жоқ жаңашылдықты қолданысқа енгiзуде қол соғында қалған жоқ. Кәсiбiн дөңгелетудегi көрсеткiш өткен жылдың осы кезеңiмен салыстырғанда 18,9 процентке жоғарылаған. Биылғы қаңтар-шiлде аралығында 278 кәсiпкерлiк субъектiсi тiркелген.

Дәулет ҚЫРДАН.



– Аймақ басшылығы кәсiпкерлiктi дамытуды алдыңғы орынға қойды. Өйткенi, бiз осы саланың дамуы арқылы көптеген мәселенiң шешiмiн таба аламыз. Биылғы алты айда аудан бойынша «Еңбек» нәтижелi жұмыспен қамту және жаппай кәсiпкерлiктi дамыту» бағдарламасының екiншi бағыты арқылы 241,4 млн теңге тұратын 83 жоба қаржыландырылды. Олардың басым бөлiгi мал басын көбейту, бордақылау, монша ашу, шаруашылығына қажеттi техникалар алу тәрiздi мақсатты көздейдi. «Стартап» жаңа бизнес идеяларды iске асыру мақсатында 36 адамға 9,4 млн теңге қайтарымсыз қаражат грант негiзiнде берiлдi, – дейдi аудандық кәсiпкерлiк, өнеркәсiп және туризм бөлiмi басшысының мiндетiн уақытша атқарушы Алмат Сәдуақасов.

Алматыдан келiп, монша ашты

Ауданда «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы да тысқары қалған жоқ. Бұл бағытта 133 млн теңге тұратын 37 жоба қаржыландырылды. «Бизнес-жол картасы – 2020» бизнес-жобасымен дамытудың бiрiншi бағыты арқылы 1 млн теңге көлемiнде мемлекеттiк грантқа не болдым. Сол арқылы осы салонды ашып халыққа қолымнан келгенiне қызмет жасаймын. Салонимызға күнiне 15-20 шақты адам келедi. Қызмет күнi күнiне 1000 теңге, бiр курсы 10 күн. Сұраныс бар, инсульт алған адамдардың үйiне барып емдеймiн. Ем алушылар алдын ала жазылады. Алда жоспарлар көп, қызмет алушылар қатары артып жатқандықтан салонды кеңейту, оған қажеттi техникаларды алу басты орында тұр, – дейдi Манарбек Қожахметов.

– Аталған бағдарламаның грант беру тетiгi аясында 10 адам 3,1 млн теңгегiн грантын ұғып алды. Аудандық кәсiпкерлiк палатасы арқылы «Бизнес-Кенесшi» курсы 80 адам, «Бастау-Бизнес» курсы 80 азамат оқып, сертификат иелендi, – дейдi А.Сәдуақасов.

Ауданда «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы да тысқары қалған жоқ. Бұл бағытта 133 млн теңге тұратын 37 жоба қаржыландырылды. «Бизнес-жол картасы – 2020» бизнес-жобасымен дамытудың бiрiншi бағыты арқылы 1 млн теңге көлемiнде мемлекеттiк грантқа не болдым. Сол арқылы осы салонды ашып халыққа қолымнан келгенiне қызмет жасаймын. Салонимызға күнiне 15-20 шақты адам келедi. Қызмет күнi күнiне 1000 теңге, бiр курсы 10 күн. Сұраныс бар, инсульт алған адамдардың үйiне барып емдеймiн. Ем алушылар алдын ала жазылады. Алда жоспарлар көп, қызмет алушылар қатары артып жатқандықтан салонды кеңейту, оған қажеттi техникаларды алу басты орында тұр, – дейдi Манарбек Қожахметов.

Ауданда «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы да тысқары қалған жоқ. Бұл бағытта 133 млн теңге тұратын 37 жоба қаржыландырылды. «Бизнес-жол картасы – 2020» бизнес-жобасымен дамытудың бiрiншi бағыты арқылы 1 млн теңге көлемiнде мемлекеттiк грантқа не болдым. Сол арқылы осы салонды ашып халыққа қолымнан келгенiне қызмет жасаймын. Салонимызға күнiне 15-20 шақты адам келедi. Қызмет күнi күнiне 1000 теңге, бiр курсы 10 күн. Сұраныс бар, инсульт алған адамдардың үйiне барып емдеймiн. Ем алушылар алдын ала жазылады. Алда жоспарлар көп, қызмет алушылар қатары артып жатқандықтан салонды кеңейту, оған қажеттi техникаларды алу басты орында тұр, – дейдi Манарбек Қожахметов.

Жалғыз «ветаптека»
Өткен жылы Дана Ашабаева облыс басшысының қолынан «Ең үздік жас кәсіпкер» номинациясын алып, 1 млн теңге сыйақыны иемденген. Лайықты. Ол аудан орталығындағы жалғыз ветеринарлық дәрiхананы ашты. Ауданда жалғыз.

– Озим И.Әбiлкәримов атындағы Қызылорда агротехникалық колледжi мал дәрiгерi мамандығы бойынша бiтiргенiн. Қызылордада бiршама жыл ветеринарлық дәрiханада жұмыс iстедiм. Тұрмысқа шығып, өз теңiмдi тауып Теренөзекке қоныс аударғанда мұнда ондай нысан жоқ екенiн аңғарып, өз қаражатыма аштым. Қазiр ғимаратты жалға алып отырмын. Ендi өз алдына ғимаратын салып, бөлек шығып, кәсiбiмдi үлкейткiм келедi. Бұл ретте Қызылорда өнiрлiк инвестициялар орталығынан 2 млн теңге несие алдым, – дейдi Дана Ашабаева.

Мемлекеттiк бағдарламаларды жiтi менгерген жас кәсiпкер мал шаруашылығына мән берiлген уақытта ветеринарлық кәсiпке де тоқтам болмайтынын айтады. Өйткенi, бiр сала дамыса, оған қатысты қосалқы салаларда да дүмпу болатыны анық.

– Қазiрдiң өзiнде ит, мысыққа ем-дом жасаймын. Үй жануарлары тұрақты егiп тұруды қажет етедi. Аурулардың алдын алу жағы тағы бар. Болашақта ветеринарлық клиника ашу да жоспарда бар. Қазiр сол мақсатқа сай төрт төгiп жатырмын, – дейдi арманшыл жас.

Ердос бұған дейiн жолаушылар тасымалымен айналысты. Қазiр де бұл кәсiптi тоқтатқан жоқ. Өзiнiң иелiгiндегi екі газель автокөлiгiмен қала мен кент арасына қатынап жүр.

Сырдария ауданы.



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Кешегі Кеңестер кезінде «Кадрлар бәрін шешеді» деген қағида мемлекеттік кадр саясатының негізгі ұстанымы болды. Мықты кадрлар корпусы жасакталып қана қоймай, ізбасарларды тәрбиелеуге де жұмыс істеді. Қайбір саланы ұлсақ та мамандар шоғыры қалыптасты. Оның дәлелін алысқа ұзамай-ақ өзіміздің туып өскен Қызылорда облысынан да көруге болады.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Аға ұрпақ өкілдері, сондай-ақ облыстың байырғы тұрғындары сол уақытта білім беру, денсаулық сақтау, қаржы, су шаруашылығы секілді тағы басқа көптеген салаларда өз ісіне жетік мықты мамандар қызмет жасағаны туралы жыр қылып айтады. Солардың ара-

жылы 18 тамызда дүниеге келіпті. Ес білер балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келіп, қаршадайынан еңбек араласты. Қатал тағдыр 8 жасында анасынан, 12 жасында әкесінен айырды. Әйтсе де Алдан, соңынан ерген інісі мен қарындасы өгей шешесі Ұлыштын



Парасатты полковник

сында әрине, ішкі істер органдарының орны тіптен бөлек. Онда қызмет атқарған капитаннан бастап генералға дейінгі аралықтағы офицерлер құрамы осы саланың бетке ұстар қаймағы болатын. Әсіресе полковниктер шоғырын айтаңызы! Қоғам тыныштығын күзету борышым деп бар ғұмырын осы салаға арнаған азаматтардың әрқайсының өмір жолы бір-бір кітапқа арқау болар еді. Олар еңбек жолында небір сынақты бастан өткерген, қызметтің ыстық-суығына шыңдалған, өмірлік тәжірибелері мол жандар болатын. Міне қызылордалық милиция полковниктері осындай азаматтардан құралды. Мысалға деп бірнешеуінің аты-жөнін келтірер болсақ, онда есімі аталмай қалғандардың рәңгісіне қалуымыз мүмкін. Десе де бүгінгі мақала олардың біреуіне арналады. Ол – осыдан он жыл бұрын пәни дүниеден озған Алдан Бальмбетұлы Жәлімбетов.

Алдан Жәлімбетов. Бұл есімді атағанда оның замандастары, достары, әріптес інілері, жалпы оны білетіндер құрметпен еске алатыны сөзсіз. «Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек, жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек» дегендей, Алдан ағамызды білетіндер оның бұл өмірден нағыз азамат, текті тұлға болып өткенін айтар еді.

Ол – киелі Қазалы ауданының түлегі. Сырдың төменгі ағысындағы Майлыбас ауылын мекен еткен шаруалар Бальмбет пен Тәтенинің отбасында 1939

жылы 18 тамызда дүниеге келіпті. Ес білер балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келіп, қаршадайынан еңбек араласты. Қатал тағдыр 8 жасында анасынан, 12 жасында әкесінен айырды. Әйтсе де Алдан, соңынан ерген інісі мен қарындасы өгей шешесі Ұлыштын

жылы 18 тамызда дүниеге келіпті. Ес білер балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келіп, қаршадайынан еңбек араласты. Қатал тағдыр 8 жасында анасынан, 12 жасында әкесінен айырды. Әйтсе де Алдан, соңынан ерген інісі мен қарындасы өгей шешесі Ұлыштын

жылы 18 тамызда дүниеге келіпті. Ес білер балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келіп, қаршадайынан еңбек араласты. Қатал тағдыр 8 жасында анасынан, 12 жасында әкесінен айырды. Әйтсе де Алдан, соңынан ерген інісі мен қарындасы өгей шешесі Ұлыштын

жылы 18 тамызда дүниеге келіпті. Ес білер балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келіп, қаршадайынан еңбек араласты. Қатал тағдыр 8 жасында анасынан, 12 жасында әкесінен айырды. Әйтсе де Алдан, соңынан ерген інісі мен қарындасы өгей шешесі Ұлыштын

жылы 18 тамызда дүниеге келіпті. Ес білер балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келіп, қаршадайынан еңбек араласты. Қатал тағдыр 8 жасында анасынан, 12 жасында әкесінен айырды. Әйтсе де Алдан, соңынан ерген інісі мен қарындасы өгей шешесі Ұлыштын

жылы 18 тамызда дүниеге келіпті. Ес білер балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келіп, қаршадайынан еңбек араласты. Қатал тағдыр 8 жасында анасынан, 12 жасында әкесінен айырды. Әйтсе де Алдан, соңынан ерген інісі мен қарындасы өгей шешесі Ұлыштын

жылы 18 тамызда дүниеге келіпті. Ес білер балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келіп, қаршадайынан еңбек араласты. Қатал тағдыр 8 жасында анасынан, 12 жасында әкесінен айырды. Әйтсе де Алдан, соңынан ерген інісі мен қарындасы өгей шешесі Ұлыштын

тілігін арттыруды ұдайы назарда ұстады.

Алдан міндетті талапқа сай атқарған Алдкен өзінің білікті, әдепті, әділетті әрекеттерімен көзге түсіп, сыналған соң 1983 жылы лауазым баспалдағында тағы да өрледі. Бұл жолы оған облыстық ішкі істер басқармасы қоғамдық тәртіпті сақтау бөлімінің бастығы лауазымы жүктелді. Ол басқарма ішіндегі бірнеше қызметтік жүйесі бар, түйіні қиын күрделі құрылым болатын. Полковник Жәлімбетов бұл жолы да сенімді ақтады. Ол қызмет бабында жаңалықтардың жарысы бола білді. Қоғамдық тәртіпті сақтау саласында елдің тыныштығын қорғау арналған «Сарбаздар» тобын республикада бірінші болып Шиел ауданында құрып, оның тәжірибесін бүкіл елге таратты. Ағамыз соңғы лауазымдық қызметін билік талап деңгейінде атқарып, 1997 жылы абыроймен отставкаға шыққан еді. Зейнетте жүрсе де ардагерлер ұйымының жұмысына белсене араласып, зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайын қорғауға, жас қызметкерлерді патриоттыққа тәрбиелеуге көп жұмыс жасағанын атап өткен жөн.

Алдан Бальмбетұлы І,ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызмет еткені үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Кенес милициясына – 50 жыл», «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медальдары және «Үздік қызметі үшін», «ІІМ-нің еңбегі сінген қызметкері» белгілерімен марапатталған. Сондай-ақ министрлік пен басқарманың Құрмет грамоталарын алуы және есімінің ҚР ІІМ-нің арнайы тарихи кітабына енгізілуі құқық қорғау саласында қалай қызмет атқарғанын айтақтан түр емес пе?

Онымен қызметтес болған замандастары, қарамағында жұмыс атқарған азаматтар Алдкенің үлкен адамгершілігі, сабырлылығы, ақылдылығы, әділеттілігін еске алып отырады. Қарауында істейтін қызметкерлерге қамқорлығы мен жұмысқа деген жауапкершілігі өзгелерден гөрі айрықша болғанын үнемі атап өтеді.

Алдан Жәлімбетов қызмет ете жүріп кадр мәселесіне де көп көңіл аударған. Оларды қатты бағалап, өзіне жақсы шәкірттер тәрбиелей алған жан. Қарамағында қызмет атқарған азаматтардың барлығы дерлік кейіннен басшылық құрамға көтерілді. «Біз Жәлімбетовтің ішкілінен шыққанбыз. Біз Алдкене қарап, елікте өсейдік» деп

айтқан А.Ибрайымов, Қ.Байқажиев, Е.Өксiкбев, Б.Әбжаппаров секілді басқа да көптеген әріптес інілерінің өздері бүгін құрметті демалыста. Олардың қай-қайсы болса да Алдан ағаларының болмысы бөлек, тәні де, жаны да өте таза, тектілігі алыстан көрініп тұратын адам болғанын айтады. Ол сөздердің растығына Алдан Бальмбетұлының науқастанып жүрген шағында онымен аз-кем сұхбаттасқан осы жолдардың авторы да көз жеткізген еді. Ауру мендеп жатып жүрсе де, өзінің нағыз офицерлік болмысын жетілдіргенін байқалды.

Алдан Бальмбетұлы туралы айта отырып, оның отбасына тоқталып кетпей болмас. Құдай қосқан қосағы, асыл жаны Қамилаш екеуі ел үлгісіне айналған азаматтың екі қыз өсіріп жеткізді. Олардан немере көрді. Қамилаш Ерлығызы жарының қызмет бабында абыройлы болуына, сенімді достар табуына ықпал етті. Науқасты болған кезінде дүниесін аямай дәрігерлерге, керек десе шетелдік дәрігерлерге көрсеткеніне, жаны қысылғанда аузына су тамызып, басына жастық болғанына, жаны толғанда жарына арнап естелік кітап шығарғанына барша жұрт куә. «Сағымға айналған сағыншы» атты естелік кітапта Алдан ағамыздың қандай әке, ата болғаны туралы балалары, келіндері, немерелері жүректен шыққан шынайы сөздерімен жеткізе білген.

Адам өмірі ұзақтығымен емес, мазмұндылығымен өлшенеді. Алдан Бальмбетұлы өмірден өткенде оның мазмұнды да өнегелі өмір сүрген жан екенін барша жұрт білді. Қаралы жындыда Сыр елінің абызы болған Сейітбек Шаухаманов ағамыз «Алдан біртуар биязы еді, жай жүріп ақырын басатыны соншалық, адам түгелі, мына қара жерге де салмақ түсірмей кетті жарықтық» деп ағынан жарылған болатын. Ол кісіні еске алуға арналған мақаламызды әріптес інісі Қазыбек Әшірбекұлының:

Ардақты азамат ең Алдан аға, Алаштың тек алғысын алған аға. Сақшылар санасында сақталарды, Әзінің сара жолың салған аға. Алдкен, азамат ең әділ тіпті, Ту еткен адальдық пен әділдікті, Алаулаға бармайтын бабамыздай, Әйтеке би сияқты әділ мықты, – деген өлең жолдарымен аяқтауды жөн көрдік.

Бәйге атының
бабы қандай?

Қазақ халқы ықылым заманнан бері жылқы малын ерекше баптап білген. Бәйгеге ат қосып, оны жүздеген ету үшін, біріншіден, бәйге атының тектік қасиеті маңызды. Тұлғарды құлын кезінде таныған аталарымыз желіде байлаулы кезінен келешегін сын көзімен барлай білген. Атап айтқанда болсақ, ол құлынның әкесі кім, енесі қандай барлық тектік құрылымы негізге алынуы шарт. Екіншіден, жылқының бабы. Қазақтың «Бап шаба ма, бақ шаба ма?» дегені осы орайда айтылған. Жылқы бабы бапкерге тығыз байланысты. Үшіншіден, шабандоз, яғни, бәйге атына шабатын бала тәжірибелі болуы шарт.

Ат баптаудың өзі – ерекше өнер. Аттың құлын кезінде бабын жасаған желді жүйкелі жөнеледі. Кез келген ат құлын кезінде өскен жерінің табиғатына қарай бейімделеді. Атты баптаудың негізгі мәні – оны шынықтыру. Жейтін асының қандалығынан бастап тазалығын қадағалау – атбегінің басты міндеттерінің бірі.

Бәйгеге қосар атты күйіне келтіру, күтінм көрсету – жылқы бабының негізгі сатылары. Атты бір көргеннен тани білетін атбегілер оның тұқымына, дене бітіміне, сұлулығына ден қояды. Олар алғаш көрген сәттен-ақ қандай жылқы боларын болжай алады. Шың жүйрек жылқының мінезін дене бітіміне қарап та таныға болады. Ат суытқанда артық екі аяғына кезекпен салмақ салып, тұяғының ұшын тіреп тұратын болса, атбегілер оны жақсылыққа балайды. Су ішсе судың тұнық жерін іздеп ішетін, жайылса жылды жайылатын, шөп жесе таза жерден ғана жейтін, жетектесе елпидей жөнелетін мінез – нағыз жүйрек жылқыға тән қасиет. Міне, дәл осындай жылқы тандаудың көптеген тәсілдері бар.

көмекті көрсете алу қажет. Аттардың арасында «жел тию» жиі болып тұрады. Бұл күйдегі жылқыны кинап терлетеді де, тері шыққан соң арнайы орнатылған шатырға кіргізіп, терін қырғышпен қырып алады. Алайда, табиғи түрде тым аз тер, кейде мүлдем тер шықпайтын жылқылар да болады. Бұл жылқыларды кинамау қажет. Осы емнен кейін 3-4 күн бойы жылқының бабын жақсылап жасау қажет.

Жүйрек жылқыларды баптау кезінде көп кинамаған жөн. Себебі, аяқ-қолына ақау түсірмеу өте маңызды. Жылдың бес айында жылқыны кәдімгі күнделікті мініске салып жүрген дұрыс. Себебі, жаздай байланған сәйгүлік, күзде жеңіл-желпі жүріске салады. Ал қыс мезгілінде жылқыны бос жіберген дұрыс. Көктемде қолға ұстап, қыстың суық күндерінде ақау алған сипірлерін емдеп, аяқ-қолының булық етін ширатады. Жылқының бабы осылай сақталған кезде ғана құш-қуаты артып, ширай бастайды. Төрт мезгілде де қайта-қайта мініске салып тұрады. Себебі, денесінде жиналатын суды терлету арқылы уақытылы шығарып тұру қажет. Жылқының жүйрек әрі сымбатты болуы оның баптау процесіне тікелей байланысты. Сондықтан, жылқы баптаған уақыттағы ең маңызды дүние – терін уақытылы алу. Көп жағдайда сақа жүйректерді 30-40 күн байлап, 5-6 дүркін терін алып, 10-13 дүркін бой жаздырып алған соң ғана шаптырады. Дөнен және бесті сәйгүліктерді 2 аптада 3-4 мәрте терін алып, 5-7 рет жарысқа салады. Құнан-тайларды 3 дүркін терін алып, 4-5 мәрте жарысқа жібереді.

Ежелгі көшпенділерден бастау алып, бүгінгі дамыған заманда жылқы баптау өз маңыздылығын жоймай, керісінше, қарқынды түде дамуда. Себебі, жеті қазының бірі бола білген тұлқтқн бабын жасау бізге артылған міндет деп білеміз.

Дәулет ИБРАГИМОВ,
Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты
Қызылорда ғылыми-зерттеу станса филиалының
менгерушісі, ветеринария ғылымдарының кандидаты,
Саламат ҚЫЗЫЛБАЕВ,
аға лаборант, ветеринария ғылымдарының магистрі.

Сөз құдіреті

Атам қазақ сөздің қадірін ертеден түсінген, сөзіне берік болған, сөзге тоқтаған. Сөзіне тұрмағандарды «ақпа құлақ», «жетесіз», «жетесізге жеті айтсаң да, ештеңе шықпайды», «бір құлағынан кіріп, екінші құлағынан шығып кетеді», «сөзінің пәтуәсі жоқ», «оған айтсаң да бір, айтпасаң да бір», «көң қатса, қалыбына баралды» деп жеріне жеткізе айтқан.

Бірде әкем Сұлтангерейдің туған бажасы атақты бальшық Сағымдық Қосанов «сөзім кетті» деп кимас нәрсесін берген есімде. «Сөзім кетті» дегені – берген үзеді еді. Халқымыздың «Бабамның айтқан жерде басы қалған» деген афоризмі осындай мәрт, сөзді сыйлайтын, сөзге тоқтайтын адамдарды айтса керек.

Бір ауыз сөз адамдардың да, тіпті мемлекеттің де тағдырын шешкен кездер болған. Алысқа бармай-ақ статистикаға қарасақ, 100 отбасының үштен бірі, яғни 33-і дәм-тұздары жараспай айырылсады екен. Неге? Осындай жақсы заманда оларға не жетіспейді? Бұл – үлкен қасірет. Бұл – ер адам мен әйел адамның ғана трагедиясы емес, ата-ананың, жақын-жуықтың тіпті мемлекеттің қайғы-қасіреті, өкініші дер едік. Бұнда жеңіс, пайда жоқ, барлық тараптар ұтылады, жапа шегеді. Осының бәрі – адамдардың бірінші бірі айтқан сөздерін тыңдамауынан, тыңдаса да оны ой елегінен өткізіп өлшемсе, оның түпкі мақсатын ескермегендіктен, пайдасы дұрыс қорытынды шығармады. Бір сөзбен түйіндеп айтсақ, түсініспеу, барға қанағат қылмау, шүкіршілік етпеу, шыдамсыздық, аз күндік қиындыққа төзбеу. Осыдан келіп ұрыс-керіс шығады, тіпті оның аяғы қайғылы жағдайға дейін жетіп жататыны жасырын емес. Бір күндік керістің қырық күндік зардабы бар демеу ме?

Ұлы Пайғамбарымыз Мұхаммед р.с.-ның үмбеттеріне қалдырған ұлы мұрасы-хадистерде: «Сөздің жаманы – өтірікшілік», «Алла алдындағы ең жақсы сөз – шын сөз», «Өзіңе зиян болсада шын

сөйле», «Адамдарға тағам жеткізіп, шырынды тәтті сөз сөйлегендер пейішке барады» делінген.

Көп мінездер бала кезден қалыптасады. Үйге қазыналы, көкірегі күмбе, көрген-білгені мол адамдар келгенде әкем марқам «үлкен кісілердің сөзін тыңда» деп қонақ отырған бөлменің есік жағына отырғызып қоятын. Сонда қонақтардың бір, шежірелі, елді-жерді аралаған, парасаты жоғары, өрісі биік, сыйлы кісіден «ңңңіте айтты отырыңыз» дейтін. Ол кісі көп тәлімсімей:

– Көргенімді айтайын ба, естігенімді айтайын ба? – дейтін.

көңілде қалып қояды.

«Ақыл» деген сөзді оңды-солды қолдана беруге болмайды. Сарапшылардың болжамына сүйенсек, он мың адамның біреуі ақылды екен. «Ақыл деген – өлшеусіз бір жарық нұр», – дейді Шәкәрім Құдайбердіұлы, «Кім ақылды болса, сол бақытты» (Пайғамбар хадистерінен). «Ақыл – жаратушының сыйы» – дейді тағы бір данышпанымыз. Осының бәрі бізге еліктеуден, басқа халықтардан, әсіресе орыс тілінен ешбір ойланбай, байыбына бармай нақпа-нақ тікелей аудару салған сөздер. Әлде, уақыт пен кеңістік ауысып, мына жанталасқан,

алмағайып заманның талабына сай айтылған сөз бе? Базар Ондасұлының «Әр заманның өзіне лайық сөзі бар» дегенді де қаперге алу керек шығар. Мен өз пікірімді айтып, сараптауды оқырманға қалдырдым.

Қазақ тілі сөз байлығы жөнінен әлемде алдыңғы қатарда. Мысалы, қазақ тілінің сөздік қоры бір миллион (кейбір деректерде оданда көп), орыс тілінде 215 мың, ағылшынша 240 мың, қытайда 400 мың сөз бар. Жасыраңы жоқ, сол сөз байлығымызда сөзге қатысты бірін-бірі теріске шығаратын, қарама-қайшы ойлар, мақал-мәтелдер жеткілікті. Дәлелдеуге тырысайық: «Сөз – күміс, үндемеген алтын», «Сөйлегеннен сөйлемеген

жақсырақ, сөйлеп едің басына тиді таю», «Көнетей басына, шүмектей тілің жау», «Адам шайтанның үндемей қытылады». Енді осыған қарама-қайшы «Үндемеген адамға иілгім де келмейді», «Үндемегеннен үйдің бәле шығады, аузына су толтырып алғандай үндемеуін, оның ішінде «ңт өліп, қасқыр ұлып жатыр ма» дегенді мен айтқан жоқпын. «Шамаң келсе шалқып сөйле, үйіріп соққан далауылдай» деген Тұрмағамбет шайыр: «Үндемегеннен жақсы сөз айтқан жақсы» деген Пайғамбар хадистерінде, «Айтпаса сөздің атасы өледі», «Аузында қалжың жоқтың қолында шоқпары бар» дегенді де дана халқымыз айтқан.

Мәселесі аз сөйлеу, көп сөйлеу немесе үндемей отыру, сөйлеп отыру емес. Мәніне, ең дұрысы не айтсаң да парықсыз, мағынасыз, мазмұнсыз, ойсыз, қисынсыз, қызыр сөз айтпау, керісінше, пайымды, парасатты, мағыналы, тәтті, тәрбиелі, ойлы сөз айтқан дұрыс.

Былғы жылды Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаев «Жастар жылы» деп жариялады, бұл өте дұрыс шешім. Соған орай осы мақаламды кішкентай да болса да ой тастау үшін жастарға арнадым. Сөзіне мән бергенің, өзіне мән бергеніңмен бірге басқаны қадірлегенің. Кез-келген сөзден із қалады. Адамдармен жылы сөйлескендер, сөздерін сузәулі, нұрлы, мағыналы, мәнді болсын. Ұлы дала рышары, атакты бабамыз Мәшһүр Жүсіп: «Адам бойында үш асыл бар: бірі – көз, бірі – тіл, бірі – көңіл» деген. Осы қасиеттер сендерде болсын.

Қырымбай МҰХАМБЕТЯРОВ,
зейнеткер.



ТАТУ ЕЛ ТАБЫСТЫ,



Бастауын іздеген бірнеше ғасырдың қойнауынан хабар беретін, әр тасы мен аққан суы қарт тарихтың сырын айтатын Жалағаштай киелі өлкеде заманынан озық туған даралар көп болған. Мұнда өткеннің ізіндей, көнеңі көзіндей тарихи һәм мәдени орындар жетерлік. Атыраптың әр төбесінде айтылмаған сыр, жазылмаған шежіре жатыр. Ежелгі Женттен бөлек, атандап жауға қарсы шапқан Бұқарбай мен Сәрке батырдың, қара қылды қақ жарған Құба би мен Өмірбай, Бостай, Шортанбай шешендердің кіндік қаны тамған киелі орын екені белгілі. Темірбек Жүргеновтей ел мүддесіне жұмыс істеген қайраткерлердің туған жері бұл. Комшабай Сүйенішов, Асқар Кіребаев, Темірше Сарыбаевтай ел руханиятына сүбелі үлес қосқан ардақтыларды неге айтпасақ?! Жалағаш дегенде, жалпақ жұрттың есіне алдымен осылар түседі емес пе?!

Бүгінде 80 жылдығын тойлағалы отырған жалағаштықтардың сындарлы сәтте биіктен көрініп келе жатқанына тарих куә. Заман көшінін қалмай, ауызбіршілікті ту еткен аудан халқының әлеуеті қалай? Ағыны жылдам бүгінгі дүние көшіне қалмай білескен тұрғындардың ахуалы қай дегендей? Осы мақсатпен апта басында Жалағаш ауданына аттанып, облыстағы Сыр маржанының үштен бір бөлігін өндіретін, ынтымағы артқан, ырысы тасыған елдің тыныс-тіршілігімен танысып қайттық. Аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаевқа жолығып, кент және елді мекендерде жасалып, атқарылып жатқан жарқын істеріне куә болдық.

Жұмыс кабинетінде қарсы алған Қайратбек Әубәкірұлымен бір сағаттан астам өңірдің жай-күйі жайында әңгімелестік. Ара-тұра сұрақ қойғанымыз болмаса, екі жылдан бері ауданның даму көрсеткіші үшін үзбей жұмыс жасаған бастының атқарған ісін қағаз бетіне түртпін отырмыз.

– Жалағаш – Сыр өңіріндегі кезінде мал баққан, бүгінде егіншілікті кәсіп еткен өзіндік тарихы мен дәстүрі орныққан аудан, – деп бастады әңгімесін аудан әкімі. – Сонау Кеңес үкіметі кезіндегі «елді колхоздастырамыз» деген желеумен шалақ белсенділердің тегеурініне қарсылық білдіріп, 10 айға созылған Қарақұм көтерілісін жасаған аға буын өкілдері осы жердің азаматтары еді. Заман талабына сай жалағаштықтар бүгінгі күні егін ету, мал өнімін өндірумен айналысуда. Биыл 21800 гектар Сыр салысын егіп, одан мол өнім күтіп отырмыз. Мал шаруашылығы саласында төрт түлік басы өсіп келеді, – деді Қайратбек Әубәкірұлы.

Атқарылып жатқан жұмыстардың негізінен әр саланы дамытып, ең әуелі әлеуметтік міндеттемелерді уақытылы орындау, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, экономиканы әртарапандыруға бағытталған басым жобаларды іске асыру мен инфрақұрылымды дамыту міндеті тұр. Әкіммен ашық диалог барысында ұқсанымыз, экономикалық өсуді қамтамасыз ету мен әлеуметтік мәселелерді шешуде жұмыстар үзіліссіз жүргізіліп, тұрақты өсім қалыптасқан. Даму көрсеткіштері жылма-жыл артып келеді.

Erjan ҚОЖАСОВ.

ауқымды жұмысты «Мелиоратор» ЖШС жүзеге асырмақ. Жоба барысында 829,7 шақырым канал, 924,3 шақырым қашыртқы тазаланады. Бір көпір жөнделіп, бір насос станциясы салынады.

Биыл мамыр айында «Мелиоратор» ЖШС мен су шаруашылығының мамандары бірлесіп жұмысты бастау үшін 4433 гектар жерді анықтады. Шілде айында Бұқарбай батыр ауылында іске кірісті. Ауылдық округтегі бірнеше ауыспалы егіс жүйесінің қашыртқыларын қазу және №8 ауыспалы егіс жүйесінен үш тоспа жасау жұмысы жүргізілді.

Бұдан басқа жеке жобалардан «Туған жерге тағзым» акциясы аясында кәсіпкер, Алматы қаласының тұрғыны, Ақсу ауылының тумасы Ерлан Сағымбаев кент орталығынан 900 орындық мешітті, мешіт жанынан 360 орындық асхананы өз қаржысына салып жатыр. Құрылысы қазан айында толық аяқталады деп күтілуде. Сонымен бірге, елдің әлеуметтік жағдайына баса назар аударатын «Таң ЛТД» ЖШС басшысы И.Шағартаев, «Ер-Әлі» ШПҚ төрағасы Ә.Бекжанов, «Байтабын» ЖШС басшысы С.Мыханов, «Енбек Жер» ЖШС төрағасы Ш.Исмаков секілді ел азаматтарын атап өткен жөн. Олар туған жерге деген перзенттік парызын сезінумен қатар, инфрақұрылымды жөндеуге, қоғам тұрақтылығын сақтауға зор үлес қосып келеді.

Аудан әкімінің сөзінше, мәселе жоқ емес. Жалағаштағы көптеген әлеуметтік мәдени нысан тозған, жаңадан салуды қажет етеді. Мысалы, аудан тарихын көрсететін музей, оқушылар

кімдер тігіміз. Арнайы киімдер Қорғаныс министрлігіне қарасты әскери бөлімдердің тапсырысы бойынша жасалады. Барлық кызметкерлер – жергілікті аудан тұрғындары. Алдағы уақытта жұмыс ауқымын кеңейтетін үлкен жоспарлар бар. Айта кету керек, жыл аяғына дейін үш айдың ішінде екі топпен 30 қыз-келіншекті осы салаға бейімдеп, оқытпақпыз, – дейді цех филиалының директоры Жаксылық Өзденбаев.

Кәсіпкерлік саласына қатысты жыл басынан бергі мәліметтерге шолу жасасақ, аудан бойынша 1 шілдеге дейін тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер саны 2340 болса, оның 89,1 проценті нақты жұмыс жасап тұр. Аудан халқының 6,6 проценті кәсіпкерлікке тартылған. Бұл көрсеткішті көрші аудандармен салыстырсақ, жалағаштықтар алдыңғы қатарда. Бірінші жартыжылдықта аудан бойынша кәсіпкерлік субъектілері арқылы 62 миллион теңгеден астам салық түсіп, 372 жұмыс орны ашылған.

Кездесу барысында аудан әкімі Қайратбек Әубәкірұлы: «Кәсіпкерлікпен айналысуға халықтың талпынысы үлкен. Екі жыл бұрын 174 жоба 1,4 миллиард теңгеге қаржыландырылса, былтыр ол 2 есеге өсіп, 294 жоба 3,1 миллиард теңгеге жетті. Алғашқы жартыжылдықта 167 кәсіпкер 1,5 миллиард теңгеге жуық несиелі алып отыр. Мақсатымыз – кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыссыздықты жою. Өйткені, «үкімет асырайды» деген масылдықтың уақыты өтті», – деді. Енбекпен аты шыққан Жалағаштағы жұрттың бұл бағытта мол жетістіктерге жететініне сенім мол.

лион теңге қаржы қарастырылыпты. Бұған қоса, облыстық бюджеттен 76,3 миллион теңге бөлінген. Біз арнайы барып танысқан №201 мектеп-лицейдегі күрделі жөндеу жұмыстарына жоғарыда аталған қаражаттың толықтай пайдасы тиіпті. Оқу жылының басына дейін білім ордасы оқушылар мен ұстаздардың игілігіне беріледі. 140 адам жұмылдырылған құрылыс басында жұмыс қызып жатыр. Бұдан бөлек, аталған жоба аясында бөлінген қаржыға аудандық орталықтандырылған кітапхана ғимараты мен кент ішіндегі 6 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Жалағаштық ағайынның көптен күткені 100 орындық орталық аурухана құрылысы еді. Жылдар бойы күн тәртібінен түспей, ақыры шешімі табылған істің басталғанына да көп бола қоймапты. Бүгінде толықтай іргетасы қаланып, кірпіш өру жұмыстарына дайындық басталған. Үлкен аурухананың жалпы құны 4 миллиард теңгеден асады. Биылғы республикалық бюджеттен 462 миллион теңге бөлініп, құрылысын жүргізуді «Абу-Сер» ЖШС қолға алған.

– Көріп отырғандарыңыздай, өткен мамыр айында сол кездегі облыс басшысы Қырымбек Қоршаевтың өзі келіп, басталған іске елмен бірге сәттілік тіледі. Содан бері тоқтаусыз жұмыс істеудеміз. Іргетасы құйылып, үстіңгі плита қабатын да жауып болдық. Алда кірпіш қалау жұмыстары бар. Осында 120 адам жұмыс жасап жатыр, оның 70 проценті – жергілікті тұрғын. Құрылыс материалдары толық әрі уақытылы жеткізіліп тұр, – дейді құрылыс басшысы Қайыржан Жұмалдидев.

Сапардың келесі бағыты далада жалғасты. Біз барып көрген нысан – аудандық маңыздағы «Самара-Шымкент-Мәдениет-Т.Жүргенов-Жанаталап-Аққыр» автожолы бойындағы «Оңтүстік коллектор» көпірі. Аудандық маңыздағы жолдар қатарына кіретін осы автожол бойындағы көпірді жаңғырту жұмыстарын «Жылу-XXI» деп аталатын серіктестік бастап кеткен. Уақытша айналма жол мен көпір құрылыстары, ескі көпірді бұзу жұмыстары аяқталған.

– Құрылыс басында 20 шақты адам бар. Көпірдің тіреу бағандарының іргетасын құйып болдық. Енді бұйырса, күн суытма дегенше біраз жұмысты еңсеріп қалармыз. Биылғы бөлінгені – 153 миллион, ал жалпы көпір



«Өркен-Әлем» ЖШС тігін цехы

45 миллиард теңге инвестиция

Биыл ауданға тартылған инвестициялық жобалардың жалпы құны 45 миллиард теңгеден асқан.

– Оның 29 миллиарды биыл игерілуде. Бұл қаржының негізгі бөлігі – 19 миллиард теңге күн сәулесінен 30 мВт энергия өндіретін электр станциясы құрылысына тиесілі. Жоба жүзеге асқанда 18 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, бюджетке жыл сайын 150 миллион теңге қаржы түседі. Станция құрылысын «Nomad Solar» ЖШС алдағы жылы аяқтағалы отыр. Нысан аумағы толығымен тазартылып, тегістелді. Жоғары кернеулік алаңда инверторлық қосалқы стансалардың фундаменті құйылуда, күн панельдері тіректерінің 30 проценті орнатылды.

Одан кейінгісі – «Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру» жобасының екінші кезеңі. Жоба аясында Таң, Мәдениет, Бұқарбай батыр, Аққұм ауылдық округтерінде айналымнан шыққан 15123 гектар жер қалпына келтіріліп, суармалы жерлер мен канал жүйелері толық жанарудан өтеді, – деді аудан басшысы.

Республика бойынша жобаның екінші кезеңі 2011 жылы қолға алынған еді. Оған облысқа қарасты «Сол тармақ» магистральды каналы бойындағы аталған елді мекендерде орналасқан суармалы жерлер енгізілді. Жалпы құны 12,5 миллиард теңгені құрайтын

үйі мен өнер мектебі апатты жағдайда. «Ақтерек» балалар лагері де кенестік заманда азар әлісімен салынған. Жалағаштан әлемге, Азияға белгілі спортшылар түлеп ұшқанымен, орталықта типтік спорт кешені жоқ.

«Өркен-Әлемнің» өнімі

Жалағаш кентінің батыс бөлігінен 22 гектар жер телімі белгіленіп, «Серпін» аграрлы-индустриалды аймағы құрылғанын білеміз. Бұл аймақ инженерлік инфрақұрылыммен толық жабдықталып, автожол, телефон, ауыз су және электр желілері түгелдей жүргізілген еді. Мұндағы жер телімінің 12,7 гектары кәсіпкерлерге табысталған.

Айта кету керек, аграрлы-индустриалды аймақта жалпы құны 191 миллион теңгені құрайтын 5 өндіріс орны іске қосылып, 66 адам жұмыспен қамтылған. Алдағы уақытта жалпы құны 457 миллион теңгені құрайтын 11 жобаны іске асыру жоспарлануда. Сапар барысында «Өркен-Әлем» ЖШС арнайы киім тігу цехының жұмысымен таныстық. Екі жылдан астам уақыт бұрын ашылған цех бүгінде 40 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Өнімі Қазақстанның түкпір-түкпіріне тарайды.

– Біздің бас офисіміз Алматы қаласында орналасқан. Мұнда 2017 жылдан бастап жұмыс істейміз. Әскерилерге арналған оқтан қорғайтын кеудеше, саперлар киетін шлем мен снаряд жарықшағынан қорғайтын

Құрылыс қарқыны қалай?

Әкім қабылдауынан шыға бере әкімдік жанынан салынып жатқан құрылыс жұмысына соқтық. Бұл мемлекеттік қызметкерлер мен бөлімдерге арналған аудан әкімдігінің жаңа ғимараты екен. Биыл құрылыс-монтаждау жұмыстарына облыстық бюджеттен қаржы бөлінген, «Real Stroy Invest» ЖШС мемлекеттік сатып алу жөніндегі атынып, тиісті жұмыстар басталып кеткен.



М.Шәменов атындағы елді мекендегі 140 орындық орта мектеп құрылысы

– Барлығы 60-қа жуық адам құрылыс жүргізуде, оның 15-і – жергілікті тұрғын. Бүгінде жұмыстың 60 проценті бітті деп есептеуге болады, – дейді құрылыс шебері Еркебұлан Сыздықбаев.

Ал «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде облыстан Жалағаш ауданына 626,4 мил-


құрылысының жобалық құны – 288 миллион теңге, – дейді құрылыс бригадирі Қуаныш Әбдіров.

Айтпақшы, көпірді жаңғырту жұмыстарын толық аяқтап шығу үшін қажетті 100 миллион теңгеден астам қосымша қаржы облыстық бюджеттен бөлінсе, нысанды пайдалануға бе-



Астық сақтау элеваторы

АЛҒА ОЗДЫРАР АР ІСТІ



Жаңа мешіт құрылысы

руге мердігер мекеменің мүмкіндігі бар.

Сапар М.Шәменов атындағы ауылда аяқталды. Мұнда жалпы құны 689,4 миллион теңгеге 140 орындық орта мектеп ғимаратының құрылысы жүріп жатыр. Биыл облыстық бюджеттен бөлінген 100 миллион теңгеге іргетасы толық қаланып, кейінгі кезектегі жұмыстары әлдеқашан басталып кеткен.

Құрылыс саласы бойынша мұнан өзге Есет батыр ауылының Көкпая көшесіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Бұқарбай батыр ауылының Әлпейсов, Оспанқұлов, Үркімбаев көшелері қосымша жаңартылған. Сонымен бірге, аудандық маңызы бар «Еңбек-Есет батыр-Жаңадария» бағытындағы автомобиль жолының 8 шақырмын орташа жөндеу жұмыстары аяқталыпты.

«Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында Аққыр, Жаңадария және Мақпалкөл елді мекендеріндегі ауыз су жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынған. «Бұл су жүйесі жыл аяғына дейін толық пайдалануға беріледі» дейді жауапты мамандар. Аудандық құрылыс бөлімі берген мәліметке сүйенсек, Қарақеткен ауылдық округіне қарасты Далдабай және Таң ауылдық округіне қарасты Жанаконьс елді мекендерінде де осындай жұмыстар биыл басталған. Бұл екі нысанның игілігін тұрғындар келер жылы көреді.

Кент ішінде де біршама жұмыстар атқарылған. Біз көрген Абай, Бұқарбай батыр көшелерін қайта жөндеу жұмыстары күзге дейін аяқталады. Мамыр айында Мысық би, Әнұрбаев көшелеріне ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілген. Ал алда жоғарыда айтып кеткен «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Ү.Алтынсарин, Т.Жүргенов, Конституция, І.Қабылов, С.Қалыбаев және Н.Мырзалиев көшелері орташа жөндеу жұмыстарын күтіп тұр.

Атакәсіп ауызды аққа жеткізеді

Мақала басында айтып кеткендей, Жалағаш – күрішті аймақ. Сонысымен ел аузында. Биыл аудан бойынша ауыл шаруашылығы дақылдары мол егілді. Оның ішінде Сырдың басты бренді – күріш 21800 гектарға орналасты. Мұнан бөлек, диқаннар жаздық бидай, арпа, мақсары, жана және ескі жоңышқа, картоп, бақша мен көкөніс өнімдерін еккен.


Жалағашта көбіне-көп ірі қараның саны артаң. Ауданда етті мал шаруашылығын дамыту бағдарламасына сәйкес шет елдерден 200 бас ірі қара сатып алу жоспары белгіленген. Бүгінде Ақсу ауылдық округінен «Қиясов Е» ЖК Ресейден 100 бас асылтұқымды қалмақ сиырын әкелді. Алдағы күріш айында «АгроЛидер Таң» ЖШС Чехия мемлекетінен 100 бас асылтұқымды сиыр әкеледі деп күтілуде.

басқармасы арқылы газдандыру құрылысын техникалық қадағалаушы анықталғаннан кейін жұмысты бастамақ.

Айта кету керек, Теренөзек кентіндегі автоматтандырылған газ тарату станциясынан аудан орталығы мен кент ішіне газ құрылысын тартуға былтыр облыстық бюджеттен бөлінген қаржы есебінен жобалық-сметалық құжаттар әзірленген болатын. Биыл жыл басында мемлекеттік сараптама қорытындысы алынып, жоба құны 3 жарым миллиардтан астам теңгені құраған. Газдандыру жұмыстарын республикалық бюджеттен қаржыландыру үшін облыстық басқармалар мен Энергетика министрлігіне бюджеттік өтінім тапсырылды. Бұл жұмыстар биыл және келесі жылы атқарылады.

Жастар жылының жаңалықтары

Кент орталығын аралай жүріп, арнайы «Жастар ресурстық орталығы» деп атау беріп, айдар таққан орталыққа соқтық. Жастар жылындағы жұмыстардың барысын байқағмыз келген. Орталық директоры Ерхан Бакбергеновты өзімізбен тетелес жігіт екен. Сөзіміз жарасып, аудан жастарының жай-күйіне құлақ астық. Оның айтуынша, Жастар жылын өткізудің жол картасын жүзеге асыру үшін кешенді іс-шаралар жоспары бекітілген.



Аудан орталығындағы жаңа әкімшілік ғимаратының құрылысы

– Аудан тұрғындарының 25 проценті – жастар. Оның ішінде 5 мыңға жуығы ауылдарда тұрады. Биыл мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыруға жергілікті бюджеттен 14 миллионнан астам ақша бөлінді. Кент орталығында Жастар жылының ашылуы Наурыз мейрамында жұртшылық алдында салтанатты түрде өткізілді, – дейді орталық басшысы.

Жастар жылы Жалағаш жастары үшін жағымды жаңалықтарымен басталды. Аудандық жастар ресурстық орталығы жанынан «Coworking» орталығын ашу үшін аудандық бюджеттен 5 миллион теңге бөлінді. Аталған орталықта жастардың тұлғалық қалыптасуына арналған тақырыптық семинар-тренингтер, түрлі бағыттағы спорттық шаралар жасалып, бос уақытты тиімді ұйымдастыруға барлық жағдай бар. Сондай-ақ, мұнда жастарға арналған үстел теннисі, аэрохоккей, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ спорттық жабдықтар, музыкалық аппаратура, видеоойындар бөлмесі мен компьютерлік қызметтерді тегін алуға мүмкіндіктер жасалған.

Айтақшы, әлеуметтік желі арқылы жарнамасы жер жарған жастар еңбек лагерінің жайын орталық директорынан сұрап білдік. Бұл шара биыл тұңғыш рет аудан жастарының қатысуымен «Торешова» шаруа қожалығында өтті. Шаруашылық иесі Болатбек Нұрәулет жас кәсіпкер болғандықтан шығар, мұндай игілікті іске қолдау білдіріп, шаруашылық жұмыстарын жастарға таныстырып, оларды еңбекке баулып, өмірлік тәжірибесін

жетілдіруге септігін тигізген. Еңбек лагеріне 25-тен аса ерікті жас қатысыпты. Шараға аудан әкімінің орынбасары Жағыпар Тажмаханов арнайы келіп, олармен кездескен. Жастар келер жылы мұны облыстық деңгейде өткізуді және лагерь уақытын бір аптаға ұзарту туралы ұсыныстарын білдіріпті. Бұл бригадалан бөлек, «Жасыл ел» еңбек жасағында жұмыс жасауға ниетті 52 адам шілде айында маусымдық жұмысқа қосылып, туған жерді көркейтеу жұмыстарына атсалысып жүр.

Табысқа тоқмейілсуге болмайды

Бір сөзбен айтқанда, Жалағашта мемлекет қамқорлығын сезініп отырған халық бар. Мақалада баяндағандардан бөлек, білім, мәдениет, спорт саласындағы жетістіктер де – аудан халқының қалыптасқан талпынысының, ізденісінің нәтижесі. Айтақшы, жалағаштық түлектер өткен жылғы ҰБТ қорытындысымен орташа 85,7 балл алып, аудандар арасында бірінші орын иеленді. Тестілеуге қатысқан 226 оқушының 91,3 проценті грант иегері атанған.

Сонғы жылдары Әлем, Азия, сонымен бірге республикалық, халықаралық жарыстарда Жалағаштан шыққан спортшылар топ жарып жүр. Ал мәдениет саласы бойынша аудан өнерпаздары халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардан жүлделі орындарды иеленіп, жоғарғы нәтижеге қол жеткізуде. Аудан мәдениетінің облыстық, республикалық мәдени кеңістікке ықпалдастыру, насихаттау мақсатында Қ.Қазанғаев атындағы мәдениет үйінің жанынан құрылған халық театры Орал қаласында өткен «Өнерге тағзым» атты аймақтық халықтық театрлар фестиваліне қатысып, «Ең үздік театрлық эксперимент» номинациясын иеленді. «Жігер» этно-фольклорлық ансамблі Тараз қаласында өткен «Көне Тараз күмбірі» атты республикалық этно-фольклорлық ансамбльдер байқауынан Ықылас Дукенұлы атындағы арнайы жүлдемен марапатталған.

– Мұның барлығы нәтижелі тірлік пен берекелі бірліктің арқасы. Біткен істің табысы мен жетістігіне тоқмейілсемей, Жалағашты көркейтеу мақсатында әлі де жұмыс жасай береміз, – дейді аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев.

ТҮЙІН. Жалағаш ауданының даму үрдісі бүгінгіден де қарыштай беретініне атқарылған істер мен жүзеге асып жатқан жұмыстар өлшем бола алады. Қазақта «Саусақ бірікпей, иіне ілікпейді» деген қанатты сөз бар. Елде тыныштық пен бірлік болса, алдағы уақытта да аудан экономикасының қарқынды дамуына құтты қадамдар жасала береді. Жарқын болашақ пен кемел келешекті көздеген жалағаштық ағайынның бірлігіне іштей сүйсініп, өз мақсат-мұраттарын ілгерілету жолындағы айқын сарына сәттілік тілеп, біз де кері қайттық.



«Оңтүстік коллектор» көпірінің құрылысы

Сондай-ақ, 8 мың басқа жуық қой сатып алу да басты жоспарда тұр. Қарақеткен ауылдық округінен «Қаншайым» ШҚ «Агронесие корпорациясы» АҚ-дан 12 миллион теңгеге жуық несие алып, 805 бас жергілікті қой аналығы мен 32 бас қазақтың ірі қылшық жүнді құйрықты қойының қосқарын алдыртып, ұсақ мал басын арттыруға кірісіпті. «Мал өсірсен, қой өсір, өнімі оның көл-көсірі» деген ескі сөзді есте ұстаған ауылдағы ағайын бұл кәсіппен бел шеше айналыса бастаған. Жоғарыда айтылғандардан бөлек, Аққыр ауылдық округінен «Нұр-Бек» шаруа қожалығы 1000 бас қой малын алу үшін «Агронесие корпорациясы» АҚ-ға құжаттарын дайындап, шаруашылықтың жері бүгінде нақтыланған. Ал Жаңадария ауылдық округінен «Халиджа» және «Ханшайым» ЖК 10 миллион теңге несие алып, 664 бас қой сатып алған.

Көгілдір отын келетін күн жақын

Солдай деп ақпарат берді мұндағылар. Қолдағы дерекке сүйенсек, мемлекеттік сатып алудың қорытындысымен Теренөзек кентіндегі автоматтандырылған газ тарату станциясынан Жалағаштағы кент орталығына дейін магистральдық газ желісін тарту мен кентішілік газ желісінің құрылысын жүргізетін мердігер мекеме анықталған. «StroyGazCompany» ЖШС облыстық мемлекеттік сатып алу



Суармалы жерлер мен канал жүйелерін жаңарту



Құрылыс бастығы Қайыржан Жұмәділдаев



Аудандық 100 орындық орталық аурухана құрылысы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Қызылорда қаласы кезекті 34-сессия № 331 «17» шілде 2019 жыл.

2018 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті текіту туралы

2018 жылға арналған түзілген облыстық бюджет бойынша 100,1 пайызға атқарылды (203 668 764,1 мың теңге)...

қеткіт мекемесі – 7 981,9 мың теңге (100%). «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 3 817,9 мың теңге (99,9%).

2 және 3-қосымшаларға сәйкес мынадай көлемде бекітілген: 1) кірістер – 203 907 808,1 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 19 782 798,6 мың теңге...

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджет жасауларды және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингін жүргізу бойынша ұсынылатын есептердің санын арттыру.

Қызылорда облыстық мәслихатының 34-сессиясын тарағасы Н. Әмітов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы «17» шілдедегі №331 шешімінің 1-қосымша

2018 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есеп

Table with columns: Бюджеттік бағдарламаның нөмірі, Аты, Есепті қаржы, Қосалмағы, Алдырған, Орындалу, МҰН төменсе, Орындалу. Contains detailed budget execution data for various programs.

Table with columns: Бюджеттік бағдарламаның нөмірі, Аты, Есепті қаржы, Қосалмағы, Алдырған, Орындалу, МҰН төменсе, Орындалу. Contains detailed budget execution data for various programs.

Table with columns: Бюджеттік бағдарламаның нөмірі, Аты, Есепті қаржы, Қосалмағы, Алдырған, Орындалу, МҰН төменсе, Орындалу. Contains detailed budget execution data for various programs.

Table with columns: Бюджеттік бағдарламаның нөмірі, Аты, Есепті қаржы, Қосалмағы, Алдырған, Орындалу, МҰН төменсе, Орындалу. Contains detailed budget execution data for various programs.

ТӘРБИЕ

Банкоматта қалған ақша иесін тапты

Көп адам банкоматта картасын ұмытып кетіп жатады. Ал ақшасын шығарып тұрып, оны қалдырып кеткенді көрдіңіз бе? Жуырда қаламызда осындай қызық жағдай орын алды.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.



жартылай көрініп тұрған дықтан осылай айтуға мәжбүр едім. Ол ақшаның егесі түнгі ауысымнан шыққан апай екен.

маңдай тер, табан етімен тапқан ақшасын алуға арым жібермес еді. Өзім де көпбалалы анамын. Мүмкін ол кісінің де балалары бар шығар деп ойладым, – дейді Қарлығаш.

– «Банкоматта ақшасын ұмытып кеткен-ау. Қай жердегі банкомат және қанша ақша барын айтса, егесіне қайтарамын» деп хабарлама қалдырдым.

мераны кері айналдыртып, ол адамның үстіне қандай киім кигенін нақтылап біліп алдым.

отырғанда әлеуметтік желідегі хабарламаны көріп қатты қуанып кетіпті. Бала кезімден ата-анамыздың «біреудің ала жібін аттама!» деп құлағымызға құйып өсіргені, міне, алдымнан шықты. Біреудің

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ САПАЛЫ КӨРСЕТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бүгінгі таңда дүниежүзінің дамыған мемлекеттеріндегі елімізде қызмет көрсетудің біртіндеп электронды саласына көшу бағытында мемлекеттік органдардың электрондық қызмет көрсету жүйесі қалыптасқан.

былады. Аттестаттау жылдың тоқсанын кемінде бір рет өткізіледі. Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарға қойылатын негізгі талаптар: жиырма бес жасқа толған, жоғары заңгерлік білімі бар, жеке сот орындаушысында тағлымдамадан өткен, Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс.

Облыстық әділет департаментінің жеке сот орындаушылар қызметін ұйымдастыру бөлімі.

«Болашақ» университетінің жоғары колледжі

Лицензия №KZ88LAA00015786 09.04.2019ж.

2019-2020 оқу жылына күндізгі, сырттай оқу бөлімдеріне оқушылар қабылдайды



Мемлекеттік тапсырыс (грант) бойынша 9 сынып негізінде: 0101000 – «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»

0108000 – «Музыкалық білім беру» Біліктілігі: 0108013 – «Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка пәнінің мұғалімі», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай;

мұнай-газ қоймаларын салу және пайдалану» Біліктілігі: 0802043 – «Техник-механик», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай;

1509000 – «Экология және табиғатты қорғау қызметі» Біліктілігі: 1509013 – «Жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі инспектор», оқу мерзімі 3 жыл 6 ай, 2 жыл 6 ай;



«Болашақ» жоғары медициналық колледжі

Лицензия №KZ82LAA00014730 15.03.2019ж. 2019-2020 оқу жылына күндізгі оқу бөліміне оқушылар қабылдайды

Мемлекеттік тапсырыс (грант) бойынша 9 сынып негізінде: 0301000 – «Емдеу ісі» Біліктілігі: 0301013 – «Фельдшер», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай;

0303000 – «Гигиена және эпидемиология» Біліктілігі: 0303013 – «Гигиенист-эпидемиолог», оқу мерзімі 2 жыл 10 ай.

Қант диабетімен толыққанды өмір сүру – оңай!

Қант диабеті - ағзаға бірқатар қауіп төндіретін ауру түрі. Диабетпен ауыратын адамға жүрек талмалары, инсульттер, онкологиялық және басқа да аурулар тікелей қауіп төндірді. Сондықтан, олар кісі өліміне анағұрлым жиі әкеліп соқтыратын 5 себептің қатарына енеді!

нудың бастапқы кезеңінде-ақ қандағы қант деңгейі төмендеп, көмірсу алмасуы қалпына келіп, сонымен қатар ағзадан халестерин мен билуридин шығарылады. Осының есебінен, жүрек-қан тамырлары жүйесінің жұмысы қалыпқа түсіп, ағзада майлы жасушалар саны кемиді, салмақ азаяды.

бөйі қорғап, қант диабеті нышандарымен ғана күреспей, себебінен де құтылуға болады. Препарат өзіннің тиімділігін дәлелдеп, барлық қажетті сынақтардан өткен, отандық және халықаралық сертификаттармен мақұлданды.

Advertisement for Glucosgine medicine, including an image of the product box and text describing its benefits for diabetes treatment.

8 727 271 97 97 телефоны бойынша немесе glucosgine.kz сайты арқылы кеңес алып, «Глюкокринге» тапсырыс бере аласыз

Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі тұрғындарының назарына!

12.08.2019 жылы Ақсуат ауылдық округінің ауыз су жүйелерінде жоспардан тыс жуу-залаңсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз су пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8(7242) 70-08-54. «Арал» СЖКБД филиалының «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімісесі.

(БСН 110841003190 Қызылорда облысының әділет департаментінде 2016 жылдың 1 сәуірінде тіркелген)

Advertisement for ceramic tiles, including an image of a tile box and contact information for the supplier.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық барлық баспасымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефон арқылы байланысуға болады. E-mail: smjanama@mail.ru

Large advertisement for Syr Media, including contact information for the editorial office, circulation, and advertising rates.